

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казархский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

10/2015 ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СУЙІНКИНА.*

ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕ АБАЙТАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Ұлт тағдыры - ұрпақтан» - дегендей, біздің болашағынан үлкен үміт күткен жеткіншек ұрпағымызды бәсекеге қабілетті маман, білімді, тәрбиелі адам етіп тәрбиелеу-қазіргі мұғалім алдында тұрған үлкен міндет. Қазіргі оқытудың мақсаты тек қана білім беру емес, сол білімді өмірде қолдана алатын, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін, өзгерістерге өмір сүруге бейім, ой – толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бірақ тарихсыз, мұрасыз адам тәрбиелеу мүмкін емес. Бұл жағдайда мектептегі «Абайтану» курсы ерекше орын алады. Өйткені ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, насихаттау, оқыту – оқушы ой-санасында патриоттық сезім туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Абайдың тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын жіті пайдаланып, дұрыс қорытындылап, тәлім тәрбие ала білсек, өткен мен болашақты сабақтастыра білсек, болашақтан көп мән мен нәр алар едік.

Абай айтқандай «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Өнер-білімді ізде, өнер-білім дүниенің кілті», - деген ой қазіргі уақытта да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан «Абайтану» — қазақ әдебиеттану ғылымының ең көп зерттелген өнімді саласының бірі. Ақын шығармаларының алғаш баспасөз бетінде жарық көріп, оқырман жүрегіне жол табуынан бастасақ, оның бүгін жүз жылдан астам тарихы бар. Абай өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми мәні бар алғашқы ой-пікірлердің жарық көруі де осы ғасырдың бас кезінен басталады. Бірақ Абайдың алғашқы зерттеушілерінің аты-жөні мен еңбектері соңғы кезге дейін жабық саналып, Абайтанудың алғашқы

МАЗМҰНЫ

	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Г.ҚҰРАҚОВА.	Орыс тілді мектепте Абайтануды оқытудың ерекшеліктері.....	3
Г.ШӘРІПЖАНОВА.	-Лық, -лік қосымшасы.....	7
А.РАМАЗАНОВА.	Тірек және белгі үлгілер негізінде қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеуге үйретуді интенсифтендіру.....	13
А.АБДРАСИЛОВА.	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
	Абайдың қара сөздері.....	26
Л.АЙТЖАНОВА.	<i>Ойын - ойдың өрісі</i>	
	Грамматикалық ойын-жаттығулар.....	30
Г.НСАНОВА.	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Б.ӘБІЛМӘЖІНОВА.	Сан есім түрлері.....	36
В.ТАНАТАРОВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	40
Х.СЕМБАЕВА.	Менің әуес ісім - спортпен шұғылдану.....	46
З.ЖОЛМАНОВА.	Үй жануарлары.....	51
Л.ӘУБӘКІРОВА.	Жазғы саяхат. Үстеу.....	54
С.МҰХАМЕТЖАНОВА.	Күз әлеміне саяхат.....	58
И.ЖАНАЛИЕВА.	Қыстырма сөздер.....	65
Н.ТАСТАНБЕКОВА.	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас.....	71
А.ХАВДРАШ.	Менің мектебім.....	76
А.СҮЛТАНОВА.	Қазақстанның табиғаты.....	79
Ә.ЫҚЫЛАСОВА.	Етістіктің райларын қайталау.....	84
А.ТЛЕУҒАЗИНА.	<i>Тиімді әдіс-баршаға ортақ</i>	
	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ойын технологиясын тиімді пайдалану.....	89
Г.БЕРКУТОВА.	Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту.....	96
Г.ХАМЗИНА.	<i>Сыныптан тыс жұмыс</i>	
Қ.ТЫШТЫБАЕВА.	«Ханталапай» ойыны.....	100
А.КАДРУШЕВА.	«Жұлдызды сәт».....	102
	Алтын қақпа.....	108
Г.САЛИКОВА.	<i>Мұғалім мінбері</i>	
	Әлем өзгеруімен білім де, ғылым да, біз де өзгере міз.....	111
Н.БЕЙСЕМБАЕВА.	Қазақстанның қалалары.....	140
В.СҮЛТАНҚЫЗЫ.	<i>Білім сынағында</i>	
	Қазақ тілі пәнінен 7-сыныпқа арналған модульдік тест сұрақтары.....	114
Н.АРЫНОВА.	Тест тапсырмалары.....	128
Г.АЛАТАЕВА.	<i>Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл!</i>	
	Қазақтың ұлы ғалымы, тұңғыш зерттеушісі - Шокан Уәлиханов.....	139
Г.МАДИЯРОВА.	<i>Бір өлең - бір әлем</i>	
	Қазақ елі.....	143

ақтаңдақ күйінде қалып келді. Тек еліміздің тәуелсіздік алуы жағдайында ғана бұл мәселені ашық әңгімелеуге мүмкіндік туды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, тағылым алу, бүгінгі күннің тұрғысынан баға беру, тану ісі, үрдісі жалғасып келеді. Мұның бәрі абайтану ілімінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес болып қосылатыны сөзсіз құбылыс. Мектептегі «Абайтану» курсына Абай Құнанбайұлының:

- Қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын;
- Ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін;
- Шығыс пен Еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүние тудырғанын;
- Абай әдеби мұрасының, аудармалар арқылы дүние жүзіне таралуын;
- Абай шығармашылығының қазіргі әдебиетке ықпалын;
- Кемеңгер, ойшыл Абай Құнанбайұлы «Қазақтың бас ақыны» екенін танытуға бағытталған оқыту қолға алынған.

Абайдың осылай нағыз кемеңгерлік деңгейдегі еңбегінің мазмұнын ашып, сырына қанығу үшін ақынның өмір сүрген заманын, сол кездегі қазақ тілінің орнын, ақын өмірін, заманына деген көзқарасын, ақын мәртебесін зерттер сабақтар өткізіліп тұрады. Әрине, орыс мектебінде Абайды тану қазақ мектебіндегі жүре алмайды. Оған себеп, тіл мәселесі. Әзірше көптеген оқушылардың Абайды қазақ тілінде толық, көңілдегідей тануға жағдайы жетпейді. Бірақ та бұл жағдай «Абайтану» курсының мақсаттары мен міндеттерін өзгертпейді. Бұл курс алдындағы ең басты міндет: қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану, Абай шығармаларын оқып-білудің өзектілігін, ақын өмірінен, туындыларымен таныстыра отырып оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу. Біздің мектепте «Абайтану» курсы 5-сынып және 9-10-сынып оқушыларына арналған. Курсқа 9 «А» сыныбынан – 10 адам, 10 «А» сыныбынан – 10 адам қатысады. Сабақ жұмасына 1

рет өтеді. Оқушылар бұл сабақтарға қызыға қатысады. Абай туралы әр түрлі материалдармен танысып отырамыз. Бұл курсты оқытуда күтілетін нәтиже:

- а) Оқушылар Абай өмірімен және шығармашылығымен танысады.
- ә) Ақынның өнер жолы, туып – өскен ортасы мен әдеби мектебімен, қарасөздері мен өлеңдерімен, аудармалары мен поэмаларымен танысады.
- б) Абайды насихаттауға, оның өмірі мен шығармашылығы туралы айтып бере алуға талпынады.
- в) Абай шығармаларын таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, мәдениетін, тілін білетін дара тұлға қалыптастыру негізделеді.
- г) Оқушылардың «Абайтану» курсына дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды білу, орындау оқушылардың Абай туралы білімін тереңдетуге көмектеседі.

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абай шығармаларын талдап оқуға арналған сағаттар саны аз. Сондықтан Абай шығармаларын тереңірек оқып-білу мақсатында 5-сынып бағдарламасына 1сағат «Абайтану» курсы енгізілді.

Абайтану ілімі дәл қазіргі заманда еліміз рухани білім іздеп, сусап тұрған кезде аса қажет. Абай шығармалары-таптырмайтын тәрбие құралы.

Ұлы ақын жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп санағаны белгілі. Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттерінің туындауынан басталады. Тәрбиенің қалған түрлері-адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене тәрбиесі – бәрі де осындай имандылыққа ден қойған жастың бойына тез үйіріледі.

Абайды осынау саладағы идеяларының ең мол көрініс тапқан жері- әйгілі өлеңдері мен қара сөздері. Ондағы нақыл сөздерді бүгінгі ғылым мен білім деңгейінен қарасақ, Абай ұлы ойшыл, педагог, психолог, көріпкел екендігіне көзіміз жетеді.

Сондықтан арнайы курстың негізгі мақсаты – оқушыларды Абай шығармалары арқылы сөз маржанын тануға үйрету, сөз өнерін сүюді, ұғынуды олардың санасына дарыту. Абай – халқымыздың ұлы ұстазы, тәлімгер педагогы. Оның

өлеңдері мен қара сөздерінің ең басты кейіпкерлері –Адам, басты мақсаты- адам тәрбиесі. Абайдың «адам бол», «адал бол» деген өсиеттері жас буын тәрбиесіндегі «адамды таны», «өзіңді өзің таны» деген ұсыныстарымен үндес келетініне назар аударту, ізденімпаздыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, жеке тұлғаны қалыптастыруға ұмтылу.

Бұл курс бағдарламасында ақынның ғылым, білім, өнер туралы шығармалары; еңбек туралы айтылған сөздері; адам, оның қасиеттері, қабілеті, ақылы, мінез құлқы, іс-әрекеті, жүріс-тұрысы, әлеуметтік жағдайы;- табиғат лирикасы оқытылады. Оқушылар әр сабаққа өздігінен дайындалады:оқушы қабілеті бойынша деңгейлік тапсырмалар беріледі. Бір оқушы Абай өмірі туралы мәлімет жинаса, екіншісі ойтолғау жазады,ал келесі оқушы презентация дайындайды. «Жидебайға саяхат», «Абайдың Семейі», “Бөрілі”, т.б. презентациялар, жазылған реферат, ізделінген мәлімет, жиналған материалдар, қолданылған әдебиет оқушы жадында, мұғалім қорында қалады.

Тіл үйрену қабілеті төмен оқушылардың өзі де компьютермен берілген тапсырмаларды орындау арқылы сөйлеуге, ойын жеткізуге тырысады. Әр ұстаз Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқыту арқылы оқушыларда ұлттық сана-сезім, ұлттық психология қалыптастырады деп жоғарыда атап өттік. Ендеше, Абай шығармаларын тек оқып, әсерлену үшін ғана емес, күнделікті өмірде пайдалану ауадай қажет. Яғни, Абай шығармаларын іс-жүзінде пайдалануға, санаға сіңіруге, тәрбиелік мақсатта қолдануға әбден болады.«Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы — халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді.

Әдебиет:

- 1 Қирабаев С.С. «Абайтану ғылымының бел-белестері»;
- 2 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - А., «Атамұра» баспасы, 2011;
3. Мырзахметов М. «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» -А., 1989.
- 4 Абайтану тарихы, -А., 1994.

Ғ.ШӘРІПЖАНОВА,
Алматы энергетика және байланыс
университетінің доценті, ф.ғ.к.

- ЛЫҚ, -ЛІК ҚОСЫМШАСЫ

Қазақ тілінде қос қызметті деп аталып жүрген қосымшалар қатарына *-лық, -лік* қосымшасы да жатады. Қазақ тілі оқулықтарында бұл қосымша зат есім мен сын есім тудырушы қосымшалар қатарында қарастырылады. Ғалымдардың бір тобы бұл қосымшаны зат есім құрамында қараса, енді бір тобы сын есім тудырушы жұрнақ деп көрсетеді. Үшінші бір тобы оны екі сөз табының да құрамында қарастырады. Ғалымдардың *-лық, -лік* қосымшасы туралы пікірлерін саралай келе, біз оның зат есім құрамында қарастырылуы жиі кездесетінін анықтадық.

Сонымен қатар бұл қосымша зат есім мен сын есімнің құрамында ғана көрсетіліп қойған жоқ, оның форма тудырушы қызмет атқаратын ерекшеліктері де ғалымдар еңбектерінде сөз болады. Түркологияда біраз ғалымдар осы тұлғаның екі қызметін, яғни, сөз тудырушы және форма тудырушы қызметін танып, екі функциялы аффикс ретінде қарастырған. Айталық, татар ғалымы В.Н.Насилов оны аралық тұлға ретінде «аффиксы включения» деп аталатын қосымшалар құрамында көрсетсе, Ф.А.Ганиев «жартылай функционалды», М.А.Хабичев «синкретті аффикс» деп көрсетеді.

М.А.Хабичев бұл тұлғаны «синкретті» деп атауына байланысты мынадай уәж айтады: «К синкретическим продуктивным аффиксам относится аффикс *-лыкь*. Параллельное употребление в карачаево-

балкарском языке бурундукъ и бурунлукъ «намордник», сандыкъ и санлыкъ «ящик». С другой стороны в карачаево-балкарском языке аффикс *-лык, -лик, -лук, -люк* может присоединиться ко всем существительным, прилагательным, наречием, числительным, и придают им значение «материал такого же размера, столько, сколько будет соответствовать предмету (понятию, признаку, количеству). Например: бычаклыкъ «столько, сколько нужно для изготовления ножа» и др» /1/.

Қазақ тіл білімінде *-лық, -лік* қосымшасын екі функциялы деп атаған Қ.Шаяхметов оның зат есім мен сын есім тудырушы функциясын негізгі функциясы деп көрсетеді. Форма тудырушы функциясын мынадай сипатта анықтайды: жалқы есімдерге қосылып форма тудырушы функция орындайды; есімдіктерге жалғанып форма тудырады; модаль сөздерге қосылып стильдік мақсаттағы дәлдеуші, нақтылаушы рөл атқарады; түрік изафетіндегі тіркестердің соңғы сыңарына қосылып, форма жасайды (Ат теріндік бірдеме ауларсыздар), етістіктің есімше негіздеріне қосылып форма тудырушы қызметте болады (Одан бас тарт деуіңізді озбырлық, басынғандық, қорлағандық деп білемін) /2/.

Ы.Маманов бұл тұлғаның форма жасаушылық қызметіне кеңінен тоқталған. Зат есімдерге, сын есімдерге, сан есімдерге, етістіктің есімше формалары, сонымен бірге жер-су, қала, адам аттарын білдіретін жалқы есімдерге түгелдей жалғанады. Бірақ *-лық, -лік* қосымшасы жалғанған зат есімдердің барлығы түгелдей тілдің сөздік құрамына енбей, тек сөйлеу кезінде қолданылатын сөздік формаға енетінін атап көрсетеді. Зат есімге *-лық, -лік* қосымшасы жалғанған сөздің лексикалық бүтін болып қалыптасқан туынды түбір сөз

немесе тек сөйлеу ішінде қолданылатын уақытша сөз екендігін зат есімге тән септік, көптік, тәуелдік, иелік формалармен түрлендіру арқылы айырады.

Сонымен бірге *-лық, -лік* қосымшасы жалғанған сын есімдердің туынды түбір зат есім немесе сөйлемде уақытша қолданылатын сын есімнің субстантив формасы екендігін айырудың басты өлшемі олардың септік, көптік формаларымен түрлену, түрленбеуінде болатындығын көрсете келе, былай деп жазады: «Егер туынды түбір зат есім болатын болса, онда көптік, септік формаларымен тікелей түрленеді. Сын есімнен зат есім болып қалыптаспаған субстантив форма сөйлемнен тыс дербес қолданылмайды және септік, көптік формаларымен түрленбейді. Олар тек ілік септігімен матаса байланысқан сөз тіркесінің құрамында тәуелді формада қолданылады (үйдің аласалығы, ағаштың түзулігі, баланың жылауықтығы) /3/.

-Лық, -лік қосымшасының форма жасушылық қызметі туралы Ы.Маманов былай деп тұжырым жасайды: «*-Лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* қосымшасы зат есім, сын есім, сан есім және өткен шақ формасына түгелдей жалғанады. Бір сөз табын немесе бірнеше сөз табын толық қамту грамматикалық форма тудырушы морфемаға тән қасиет. Олай болса, *-лық, -лік* қосымшасының о бастағы негізгі қызметі форма тудырушы екендігі, келе-келе бұл формадағы кейбір сөздердің белгілі бір ұғымда ұдайы қолданылу нәтижесінде мағыналары нақтыланып, туынды түбір сөзге айналуы-занды құбылыс» /3/.

Ы.Мамановтың жоғарыдағы тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, А.Жаңабекова *-лық, -лік* қосымшасы туралы мынадай пікір айтады: «*-лық, -лік*

қосымшасы барлық зат есімдерге жалғану мүмкіндігі бар жұрнақ. Бірақ бұл тұлға жалғанып жасалған сөздердің барлығы бірдей сөздік құрамға енетін дербес лексикалық единица бола алмайды. –*Лық*, –*лік* тұлғасы жалғанып жасалған нақты зат атаулары тілімізде көп емес. Мысалы: инелік, орындық, түндік, кездік, өсімдік, сыйлық, базарлық, қалыңдық, т.б. Бұл аталған сөздер, әрине, –*лық*, –*лік* қосымшасының қатысуымен жасалған туынды сөздер екендігі дау тудырмайды. Бірақ бұл сөздерді –*лық*, –*лік* қосымшасының сөз тудырушылық қабілетінен тумаған, сөзжасамның синтетикалық тәсілінен гөрі, семантикалық тәсілінің қатысуымен жасалған, яғни, мағына дамуының нәтижесінде сөздік қалыпқа жеткен сөздер деп қарауымыз керек. Себебі, –*лық*, –*лік* қосымшасы жалғанған сөздердің барлығы бірдей дербес сөз бола алмайды, атрибут-анықтауыштық мәнде қалып қойған туылымдар көптеп кездеседі. Мысалы, үйлік, көйлектік, дәптерлік сияқты, т.б. сөз формаларын жоғарыда берілген сөздермен бірқатарда алып қарауға болмайды. Бұл сөздердің алдыңғы сөздерден құрылымы жағынан еш айырмашылығы жоқ. Бұл сөздер алдыңғылардай сөздік қорға енетін туынды сөздер емес, сөйлеу үдерісінде қолданылатын сөз формалары ғана. Ы.Маманов оларды уақытша сөздер деп атаған. Осы тілдік фактілерден –*лық*, –*лік* қосымшасы бір зат есім сөздерге жалғанғанда сөз тудырады да, екінші бір зат есім сөздерге жалғанғанда сөз тудырмайды десек, қандай заңдылыққа сүйенеміз? Басқа сөз таптарын қарастырмай-ақ, бір сөз табының құрамындағы осындай қайшылықты тұстары –*лық*, –*лік* қосымшасын басқаша тануға итермелейді» /4/.

Ғалым пікірін ескерер болсақ, жоғарыда

көрсетілгендей –*лық*, –*лік* қосымшасының тілдік табиғаты әлі де толығырақ зерттеуді қажет етеді. Бұл орайда мынадай мәселелердің басы ашылуы тиіс:

1) –*лық*, –*лік* қосымшасы сөзжасамдық қосымшаларға қойылатын талаптарға жауап бере ме? Яғни, сөзді талғап жалғана ма, әлде талғамай жалғанып, грамматикалық абстракция жасай ма?

2) –*лық*, –*лік* жалғанған сөзіне қандай мағына үстейді? Жаңа мағына жасай ма, әлде грамматикалық мағына үстей ме?

3) –*лық*, –*лік* тұлғалы сөздер мен сөзформаларының түсіндірме сөздіктерде берілу дәрежесі қандай? Олардың сөз таптарына қатысы қалай көрсетілген? Олардың мағыналары қалай ашылған? Оларды салыстыра отырып, мағыналық ерекшеліктерін анықтау керек.

4) –*лық*, –*лік* қосымшасының негізгі функциясы қандай? Сөзжасамдық қызметі бірінші ме, әлде форма жасаушылық қызметі бірінші ме?

5) –*лық*, –*лік* қосымшасы жалғанып жасалған сөздер сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған ба, әлде лексика-семантикалық тәсілдің қатысуымен жасалған ба?

–*Лық*, –*лік* қосымшасының тілдік табиғаты, оның сөзжасамдық ерекшеліктері мен функционалды-семантикалық мүмкіндіктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл орайда –*лық*, –*лік* қосымшасы туралы айтқан Ы.Маманов пікірлерінің маңызы зор және алда жазылатын зерттеу жұмыстарына теориялық бағыт беретіндігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Хабичев М.А. Именное словообразование и формообразование в куманских языках. – Москва: Наука, 1989. -217 с.

2 Шаяхметов Қ. Екі функциялы аффикстер. Канд. дисс. – Алматы, 1973.

3 Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері. – Алматы, 1973. -89 б.

4 Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. – Алматы, 2001. -140 б.

Мақалада сөз формасын жасаудағы *-лық, -лік* қосымшасының функциялық ерекшелігі қарастырылады.

В статье рассматриваются функциональные особенности аффиксов *-лық, -лік* в формировании слов.

The functional features are examined in the article affixes of *-лық, -лік* in forming of words.

ТИРЕК ЖӘНЕ БЕЛГІ ҮЛГІЛЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІ ИНТЕНСИВТЕНДІРУ

Бүгінгі күні біз жаңа дәуір-жаңа ғасыр-жаңа мыңжылдықта өмір сүріп отырмыз. ХХІ ғасыр-білімділер ғасыры болмақ. Білімділерді аялап тербетіп, баптап өсірер тәрбие керек. Ұрпақ тәрбиесі ел алдындағы маңызды міндет.

ХХІ ғасыр есігін ашқан қазіргі таңда мектепке, ұстаздарға үлкен талаптар қойылуда. Ұстаз ұғымы – мағынасы кең, мәні терең, тарихи ұғым.

Белгілі ағартушы, қазақ әдебиетінің ірі өкілі Ж.Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз–шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы», -деп биік баға берген.

Білім бастауы бастауыш мектепте берілетіні айқын. Сондықтан жас бүлдіршіндерге сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру-әр ұстаздың өзекті

мәселесі.

Орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты-оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету.

Жалпы білімдік пәндер бойынша В.Ф.Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек-конспект, диаграмма, график, логикалық тірек-сызба арқылы теориялық материалдарды блокпен оқытып, дамыта оқыту технологиясының әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың үздіксіз білім алуларына жағдай жасап оқыта отырып дамытуға, өз бетінше білім жинақтауға, шығармашылықпен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасаудамыз.

В.Ф.Шаталовтың тірек-сызықтарымен оқыту технологиясының қағидалары:

1. Әр оқушының білімін күнделікті тексеру.
2. Жаңа тақырыпты еркін меңгерту.
3. Әр оқушының өздік жұмысын ұйымдастыру.
4. Оқушыны ынталандыру.
5. Тірек-сызбалар арқылы сөйлету.
6. Тақырыпты кешенді түрде өту.

В.Ф.Шаталов тәжірибесінің бірінші ерекшелігі-оқу үдерісін, оқушылардың іс-әрекетін, танымдық жұмыстарын кезеңдерге бөліп, мұғалімнің қатаң түрде басқаруы. Шаталов 1-кезеңде тақырыпты жан-жақты түсіндіріп, 2-кезеңде тірек-плакаттарын қолданып, қысқаша түсіндіріп, 3-кезеңде оқушыларға тірек сигналдары (тірек-плакаттарының кішірейтілген

түрі) беріліп, оларды балалар өз альбомдарына желімдеп, 4-кезеңде оқушылар оқулықпен және тірек-сигналдарымен үйде жұмыс істейді, 5-кезеңде сабақ үстінде тірек-сигналдарын естеріне түсіріп, дәптеріне жазып, 6-кезеңде оқушылар мұғалімге тақырып бойынша ауызша жауаптар береді. Сонымен теориялық материалмен жұмыс 6 кезеңнен тұрды. Шаталов тәжірибесінің екінші ерекшелігі-бағдарламаның бір-бірімен байланысты немесе қарама-қарсы тақырыптарын біріктіріп оқыту.

Нағыз сабақ-әрқашан сұхбат, іздене, дайындала, үйрене, кеңесе, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Білім беру жүйесіндегі қазіргі талап-сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі-оқытудың жаңа технологияларын орынды қолдану болып табылады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық, тағы басқа қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мен «Тірек және белгі үлгілер негізінде қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеуге үйретуді интенсификациялау» деген проблемалық тақырып бойынша бес жылдан бері жұмыс жасап келемін.

Мақсатым: оқушылардың көп білуін емес, оның өзіне қажетті білімді өзіне алып, қазіргі заманның талабына сай, білімді де білікті, мәдениетті құзырлы тұлға болып шығуына көмек беру. Өмір талабына сай оқушыларды дамыта оқытып, шығармашылыққа, нақтылы тұжырымдауға жетелей отырып, қазақ

тілінен терең, жинақ білім алуға үйрету және қалыптастыру.

Осы мақсатты жүзеге асыруда менің алға қойған міндеттерім:

-бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу дағдысын тірек және белгі үлгілер арқылы қалыптастыру әдістемесін жасау;

-әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, ауызекі сөйлеуін қалыптастыруға байланысты талдаулар жүргізу;

-ауызекі тілдің оқытудың әдістері мен ғылыми негіздерін, дағдыларын қалыптастыруды анықтау;

-ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен мәтіндер жүйесін жасау;

-оқушы тілін дамыту әдістемесінің ұтымдылығын эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелдеу.

Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету, қазақ тілінде сөйлесу құралына айналдыру. Бірнеше түрлерін көрсетуге болады: дәптер сөздіктерін дұрыс толтыру, өз бетінше оқулық, сөздіктермен жұмыс істеу, жазбаша үй тапсырмасын орындау, тән дыбыстармен жұмыс жүргізу; өз бетінше жұмыс жүргізу, т.б. және жоғарыда білімдерін уәждемелеуі қажет, оны жоспарлау, мазмұнын, мақсатын анықтау, өзін-өзі бағылау, баға беру.

Өздеріңіз білесіздер, әрбір өмірге келген жаңалық, бұрында өмірде қолданылып келе жатқан жаңалықтан бастау алады. Соны негізге ұстайды. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніп,

қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» дегендей мен оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастыруда нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланамын.

Сондықтан, мен өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін төмендегі әдістерді жүйелі қолдануға тырысамын:

-сұрақ-жауап әдісі – бұл ең тиімді әдіс. Оқушылардың көру қабілеттерін ойлау қабілеттерімен ұштастыра дамытады;

-өз ойын айту әдісі – оқушылардың ойлану, ойлау үрдісі арқылы ойын ауызша жүйелі айтып беруге дағдыландыру;

- жағдаят арқылы сөйлесу – сөздер, сөз тіркестерін, сөйлем құрау, болған, көрген, естіген уақиға жайлы атын жеткізу.

Мысалы: сурет бойынша әңгіме құрастыру

-баяндау әдісі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетінше сөзге дағдыландыру;

-сұхбаттасу әдісі – оқушылардың өз ойларын сыртқа мәнерлі, жүйелі түрде беруге үйрету;

-монолог әдісі – оқушылардың өз білім деңгейлеріне сай өз ойларын айтқызуға ұмтылдыру;

-аударма әдісі – екі тілде де жазуды, оқуды, сөйлеуді үйрететін пайдалы әдіс:

1) кейбір жеңіл мәтіндерді бірден қазақшадан орысшаға аудару арқылы;

2) сөздік жұмыстарын жүргізу арқылы аударту;

3) орысшадан қазақшаға аударту біраз қиынырақ, сондықтан ол мұғалімнің көмегімен жүзеге асады.

Міне, осы жоғарыда көрсетілген әдістерді өз сабағында қолданамын. Қазіргі кезде өзінді табу

оңай емес, қазіргі өмір талабы оқыту әдістемесінде ұстаздан үнемі ізденісті талап етеді, өйткені білім беру жүйесіндегі жаңа құбылыстар кімді болса да тіпті тәжірибесі, еңбек өтілі көп адамды адастыруы мүмкін.

Бастауыш сыныптарда көрнекіліктердің мәні зор, ал жаңа оқулықтарға қолданылатын көрнекіліктердің ерекшеліктері өзгеше. Оқушылар қолымен ұстап, көзімен көріп, қазақша қайталап айтып үйрететін сабақтар өте ұтымды. Әр сабақтың таным үлгімен таныстырудан басталады.

Сондықтан, тақырыпқа байланысты қызықты элементтерді пайдалану, оқыту әр оқушымен жеке-дара жұмыс жүргізу, өзіндік жұмыс пен ізденістің үлесін арттыру, меңгерген білімді жаңа немесе өзгерткен жағдайда қолдану тұрғысында әрдайым ізденуге тура келеді. Осы негізде жеке тұлғаны дамыта оқытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше.

Оған: таблица, ойыншықтар, плакаттар, заттық модельдер, техникалық құралдар, т.б. жатады.

Сол көрнекіліктің бірі – тірек-сызбасы.

Көрнекілікті XVII ғасырда прогресшіл ұлы педагог Я.А.Коменский енгізді. Шет ел педагогтары Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци «көрнекілікті тек арифметика, геометрия сабақтарында қолдану мүмкін» десе, Я.А.Коменский мен оның идеясын қолданушы неміс педагогы Ф.В.Дистервег пен орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский «көрнекілікті барлық пәндерде қолдану мүмкін және қажет» деген.

Тірек-сызба дегеніміз – көрнекіліктің бір түрі, өзіміздің жұмыс тәжірибемде практикалық қазақ

тілі сабақтарында тірек-сызбаларын пайдаланып отырамын. Нәтижесі өте жақсы. Оқушылар сабаққа қызыға қатысады.

Оқу үдерісінде тірек-сызбаларды пайдаланудағы мақсатымыз – өмір талабына сай оқушыларды дамыта оқытып, шығармашылыққа, нақтылы тұжырымдауға жетелей отырып, қазақ тілінен терең, жинақ білім алуға үйрету және қалыптастыру.

Тірек-сызбасын жүзеге асырудағы мақсатым – ол үнемі оқу үдерісінде жүйелі тұрғыда қолданылып отырылуы керек.

Фонетика саласы дыбыс пен әріпті оқыту әдістемесін зерттейтін болғандықтан, бастауыш сынып оқушыларына негізгі білімдік мағлұмат пен практикалық дағды біршама жеткілікті беріледі.

Қазақ тілі бастауыш курсына дыбыс, әріп, олардың мәні, жазылу емлесі, алфавит, буын және тасымал жайлы бастапқы ұғымдармен танысады. Әліппені өту кезеңінде сөзді, буынды талдау жолымен дыбыстарды ажыратып үйренеді. Мұнда да тіл дыбыстарының бір-бірінен өзгешілік үлгілерін толық тани қоймайды. Өзіндік айырмашылықтарын білудің балаларды сауаттандыру үшін, ауызша және жазбаша тіл дамыту үшін де маңызы күшті.

«Дыбыс пен әріп» тақырыбы ең негізгі мәселе ретінде бірінші сыныпта оқытылып, бастауыш буында ол меңгерілген білік пен дағды тереңдетіліп, бекітіле түседі. Оқушыларға үйретілген алғашқы ғылыми ұғымның дұрыс болуына айрықша жауапкершілікпен қарау керек, өйткені психологиялық бір ерекшелік-ең алғашқы алған

әсерін (көргенін, естігенін, ұғынғанын...) қаперінде ұзақ мезгіл сақтай алатындығы. Ал, сабақта қолданылатын көрнекіліктің басты қызметі тілдік ұғымдарды түсіндіру жеңілдетуге, зерделерінде берік сақталуына, елестету қабілетінің дамуы мен теориялық білімінің практикамен байланысын нығайтуға берік негізін қалайды.

Сабақ барысында бұл тірек-сызбалар, біріншіден, көзбен көріп, есте сақтау қабілетін арттырып, екіншіден, білімге деген құштарлығын, ынтасын дамытады. Оқушылар тірек-сызбаларды пайдалана отырып, оқу жүйесін жақсы түсінетін болады. Тірек-сызбаларды қолдана отырып, оқушылардың грамматиканы кеңінен және керекті негіздерін қабылдауларына мүмкіндік туғызуға болады. Бұл сабақтарда көп сөйлемей-ақ сабақ негіздерін қысқа да нұсқа ұсынып, шығармашылық ой-өріс жүйесін арттыруға жағдай жасалады.

Мысалы: тірек-сызбалар арқылы әр түрлі тапсырмалар ұсынуға болады:

- 1) зат есім + етістік, сын есім + зат есім, т.б.
- 2) зат есім + зат есім тудырушы жұрнақ + көптік жалғау + барыс септік;
- 3) етістік + тұйық етістік тудырушы жұрнақ + табыс септік.

№	Негізгі етістік	Тұйық етістік	Нақ осы шақ	Келер шақ	Өткен шақ
1	Бар				
2	Кет				

Семантикалық карталар толтыру тақырып бойынша ассоциация құру – бұның бәрі оқушылардың сабақта қызығушылықтарын арттыра түсіп, білім сапасын көтереді.

Сызба арқылы оқыту тәсілдері қажетті грамматикалық тақырыпты жылдам әрі тиімді меңгертуге көп көмегін тигізеді.

Тірек-сызбасының жұмыс үдерісінде қол жеткізетін нәтижесі:

- а) сабаққа деген қызығушылығы, белсенділігі артады;
- ә) өз бетімен жұмыс істеу қабілеті өседі;
- б) өз ойларын еркін, ашық, сауатты айтуға дағдыланады;
- в) сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен қатар теориялық білімді игеруді, оқыған материалды қайталауды жүзеге асырып, практикада пайдалана білуге дағдыландырады.


Менің міндетім-дайын тірек-сызба, кестелерді өз жеке іс-тәжірибемде қолдана отырып, әр тақырыпты сорттар, талдап, сызбаларды барынша түсінікті етіп оқушыға жеткізуге білу.

Себебі тақырыпты түсіндіргенде бұл тірек-сызбалар арқылы оқушылар тақырыпты тез меңгереді, керек уақытында сызбаларға қарап, естеріне түсіріп, мысал келтіре алады.

Ал, бекіту сабағын алсақ, мен тек қана негізгі сөзді тақтаға іліп қоямын, ал оқушылар керекті сөздерді өздері табу керек. Себебі мен оқушылардың осынан білімін тексеремін.

Мысалы: фонетика бойынша о, ө дыбыстарының

жуан және жіңішке түрі болатынын түсіндіру үшін салыстырмалы кестені қолданамын.



Тірек-сызбалар көбінесе бекіту, қайталау сабақтарында қолданамын.

Жеке тұлғаның өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Өз ойының дербестігі.

Жалпы айтқанда, тірек-сызбамен оқыту – заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Дидактиканың, тәрбие теориясының, психологияның, таным теориясының – барлығының түйіскен нүктесінде қарастырылатын.

Бір ескеретін жағдай-жана буын оқулықтары мен оқу әдістемелік кешенің тілді меңгерудегі коммуникативтік ұстаным талаптарына сәйкес болуы керек. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын көрнекіліктердің бір түрі– дидактикалық карточкалар. Дидактикалық карточкалар таратылып берілгенде, тақтада сол тақырыпқа байланысты тірек-сызба ілініп тұруы керек.

Қазақ тілінде әр септіктің грамматикалық формасы біркелкі жүйеде қалыптасқан. Бірақ оны жаттап алу оқушылардың қазақ тілін сапалы түрде тиянақты меңгеруі дұрыс нәтиже бере бермейді. Ол үшін Жүнісбековтің түспен ажырата білу тәсілін қолданса артық емес. Мысалы: үнді, ұяң, қатаң дыбыстарды ажырату үшін түрлі түспен көрсетіп, жуан мен жіңішке арқылы көрсетіп қоямын, оны үлгерімі нашар оқушыларды өзі-ақ тапсырманы қинамай орындап беремін.

Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау арқылы жүргізілетін сабақ ұзақ есте қалады. Осындай тірек материалдарын сигналды карточкаларды, символдарды мол пайдалану педагогикалық технологияның бір тармағы – жеделдетіп оқытуға жатады. Ол күштеусіз оқытуға жеке тұлғаның мүмкіндігін ашуға септігін тигізеді.

Ал, сөз құрамын меңгерткенде «Орнын тап!» атты көрнекілікті пайдалансам, оқушыларға ой шақыртып, ойлантуға мәжбүрлеймін, соны пайдалана отырып, жаңа проблема шешеді: ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады, көрсетеді, жазады, салыстырады, табады, талқылайды. Алған білімін жіктейді, саралай біледі, яғни, тікелей қарым-қатынас туындайды, оқушының ықыласы артады.

Бүгінгі күнде қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңа инновациялық технологиялар көптен енгізіліп жатыр. Бұл инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамытуға болады.

Тірек-сызбалармен жұмыс істеу –

оқушылардың логикалық ойлау әдісін кеңейтіп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырады. Жұмысты көбіне оқушылар өздері ойланып орындай алатындай етіп ойластырған жөн. Емлелік шарттарды нақтылап, түсінікті етіп жасау керек.

Тірек-сызбасының жұмыс үдерісінде қол жеткізетін нәтижесі:

- сабаққа деген қызығушылығы, белсенділігі артады;

- өз бетімен жұмыс істеу қабілеті өседі;

- өз ойларын еркін, ашық, сауатты айтуға дағдыланады;

- сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен қатар теориялық білімді игереді, оқыған материалдарды қайталауды жүзеге асырып, практикада пайдалана білуге дағдыландырады.

Бүгінгі күнде мемлекеттік тілді оқыту барысында көптеген нәтижеге жету үшін маңызды зор. Сабақ үстінде жаңа технологияны қолданғанда алдыңғы кезекте сабақтың нәтижесі тұруы керек. Нәтижелі сабақ мақсатына жетеді деп есептеймін. Сабақтың нәтижесін шығаруда технологиялық карталарды қолдану негізінде В.Ф.Шаталовтың технологиясына сүйене отырып, бірнеше әдістемелік кітапшаларды шығардым.

Әдебиеттер:

1 Жанпеисова М. «Блоктық–модульдық технологиясы»;

2 Қараев Ж.А. «Оқу-тәрбие үрдісінде деңгейлеп оқыту технологиясы»;

3 Уәйісова Г.И., Балақаев М.Б. Жұмабаева Ә.Е. Қазақ тілі. -А: «Атамұра», 2003, 206.

4 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. 1998г.

5 «Профессиональное развитие из опыта учителей» издат. «Маркет», -А., 2004г.

6 ШҚО «Педагогикалық жаршысы» 2005, 2008, №4

7 Педагогические технологии на основе активизации и интенсификации деятельности Утом, с 286.

8 Виноградов С.Н. «Открытие Шаталова опора на механизации понимания» -М., Санкт–Петербург, 2003.

А.АБДРАСИЛОВА,
Ғ.Мұстафин атындағы
№ 83 ЖББОМ.
Қарағанды қаласы

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

(10-сынып)

Мақсаты: Абайдың қарасөздерін өлеңдерімен салыстыра отырып түсінеді.

Міндеттер:

* Мазмұнға байланысты міндеттер:

* Қарасөздердің мазмұнын ашады.

* Қарасөздерді өлеңдерімен салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.

* Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты міндет:

* Қарасөздерді оқып, негізгі ойды табады.

* Мазмұнын ашып, айтып бере алады.

* Өлеңдерімен салыстырып, қорытынды жасай алады.

* Топтық жұмыс процесіне байланысты міндет:

* Бірлесіп жұмыс жасау нәтижесінде оқушылар шағын топтағы жұмыс өнімін көрсете алады, өлеңмен салыстырады, қорытынды шығарады.

I. Сабақтың барысы:

1. Қызығушылықты ояту.

Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?


Талабын тас қияға өрлеткен кім?

Құба жон, құбақан құм, құла қырда,

Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

1. Абай өміріне байланысты сөзжұмбақпен жұмыс.

2. Топтастыру.



2. Мағынаны таныту.

Жаңа тақырыпты меңгертуге бастапқы қадам.

* Мұғалімнің кіріспе сөзі.

...Абайдың қара сөздерінің тақырыбы әр алуан.

Оның бәрін бір сабақта қарастыру мүмкін емес. Бүгінгі сабағымызда негізгі Абайдың 3 тақырыпқа топтастырылған қарасөздері мен оған тақырыптас өлеңдеріне тоқталамыз (әлеуметтік болмыс туралы ой толғамдары, адамның мінездері, ғылым, өнер жайындағы ой-пікірлері).

1. «Жүрек» тобы: әлеуметтік болмыс туралы ой-толғамдары.

2. «Қайрат» тобы: адамның мінез-құлық, ерік-жігері туралы ой-толғамдары.

3. «Ақыл» тобы: білім, өнер, ғылым, қоғам жайлы ой-пікірлері.

4. «Ғылым» тобы: қара сөздерімен мәндес, мағыналас өлеңдеріне талдау.

«Жүрек» тобы әлеуметтік болмыс жайындағы қарасөздеріне талдау жасайды.

«Ғылым» тобы осы қара сөздеріне мағыналас

өлеңдеріне талдау жасайды.

«Ақыл» тобы білім, өнер, ғылым, қоғам жайлы ой-пікірлеріне талдау жасайды.

«Ғылым» тобы «Интернатта оқып жүр» өлеңі бойынша талдау жасайды.

Ақын ғылым жайлы қара сөздерінде «*Оқу керек, оқығанды көңілге тоқи білу керек. Оқып-білім алу үшін әуелі талап керек*» десе, 38-сөзінде «Білімсіздік хайуандық болады. Надандық-білім-ғылымның жоқтығы. Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік-бәрі осыдан шығады» дейді.

Адамда кездесетін осы мінездер жайлы «Қайрат» тобының мүшелері сөйлейді. «Ғылым» тобы мағыналас өлеңдеріне талдау жасайды.

Мұғалім. Абай қарасөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған. Ақынның гуманистік идеясы тек өлеңдерінде ғана емес қарасөздерінде де көрініс тапқан. Абай-өз заманының биік парасат иесі ғана емес бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де оң бағыт берген биік тұлға.

3. Екі түрлі түсінік күнделігі (стратегиясы)

Мәтіннен үзінді	Пікір

Бірнеше оқушы өз пікірлерін оқиды.

4. «Қарасөзге» бес жолды өлең.

сын е сын е

ет ет ет

сөз тіркесі (4 сөз)

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен

жалғыз алысқан Абай есімі ешқашан өлмек емес. Абай тірі, өйткені оның шығармалары мәңгі жасай бермек.

5. Сауаттылық хаты.

Абай атамызға хат жазып көрелік.

Бірнеше оқушыға хаттары оқытылады.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған-

деп ақын өзі жырлағандай, артына өлмес мұра қалдырған Абай есімі өлмек емес.

Қазақ жерінің ақыны, данышпаны көп болғанымен, Абай біреу-ақ, Абайы бар елдің мерейі үстем.

6. Кері байланыс парағын тарату.

7. Бағалау. Өзін-өзі бағалау. Топтық бағалау.

Л.АЙТЖАНОВА,
Ақтөбе облыстық арнайы
(түзетім) есту қабілеті бұзылған
балалар мектеп-интернат-колледжі.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ОЙЫН- ЖАТТЫҒУЛАР

«Кім көп біледі?» ойыны.

Ойынның мақсаты: зат есімнен алған білімдерін бекіту.

Ойынның шарты: тақтаға үлкен бір сурет ілінеді. Оқушылар суреттен заттың атын білдіріп тұрған сөздерді атап жазу керек. Дұрыс, тез әрі көп сөз тауып жазған оқушы жеңімпаз атанады.

«Сөздер баспалдағы» ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның шарты: оқушыларға тігінен жазылған бірдей бірнеше әріптер беріледі. Олар сол берілген әріптерден басталатын зат есім сөз жазу керек және жазалған зат есім сөз әр жол сайын бір әріпке өсіп тұруы шарт.

1. Жуан, езулік, ашық дауысты дыбыс.
2. Бір жылда 12 ... болады.
3. Әкеңнің әкесі.
4. Жеміс түрі.
5. Қымбат металл.

6. Қазақстан Республикасының астанасы.

7. Автобус күтетін жер.

«Қыз қуу» ойыны.

Ойынның мақсаты: жалқы есімді қайталап бекіту, оқушылардың тез ойлай білу қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: тақтаға екі оқушы шығып белгілі уақыт ішінде 10 қыздың атын жаңылмай айтып шығуы керек. Тапсырманы жаңылмай орындап шыққан оқушы жеңімпаз атанады.

«Бос торды толтыр» ойыны.

Ойынның мақсаты: зат есімнен алған білімдерін бекіту. Ойлау қабілеттерін арттыру.

Ойынның шарты: берілген бос торлардың орнына зат есім сөз шығатындай етіп буынды тауып жазу.

	ға
	ға
	ға

	лақ
	лақ
	лақ

	ға
	ға
	ға

«Жаңа сөз құра» ойыны.

Ойынның мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Ойынның шарты: тақтаға кез келген зат есім сөз жазылады. Сол жазылған сөздегі әріптерден оқушылыр тағы да зат есім сөздер ойлап табулары шарт.

Мысалы: БАУЫРСАҚ.

Бауыр, бақ, ау, ара, қар, Сара, сақ, сақа, қасық, бақа, т.б.

«Адасқан әріптер» ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушыларды зат есімдерді дұрыс құрастыра білуге үйрете отырып, сауатты жазуға дағдыландыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның шарты: тақтаға немесе қима қағаздарға шашыранды әріптер жазылады. Сол берілген әріптерді дұрыс құрастыру арқылы оқушылар жасырынған зат есім сөздерді табу керек.

Мысалы: қ, у, о, ы, ш (оқушы)

т, п, і, к, а (кітап)

і, і, л, б, м (білім)

м, м, ғ, ұ, а, л, і (мұғалім)

о, т, н, а (отан)

п, е, м, к, е, т (мектеп)

«Сөз қуаласпақ» ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушыларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Зат есім сөздерді тез ойлап таба білуге үйрету.

Ойынның шарты: ойын бастаушы кез келген бір тақырыпты алып сол тақырыпқа қатысты зат есім сөзді тақтаға жазады, ал келесі ойыншы тақырыпты өзгертпей сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын келесі сөзді тақтаға жалғастырып жазады. Ойын

осылай жалғаса береді. Тақырыпқа байланысты сөзді дұрыс таба алмаған оқушы ойыннан шығады. Ең көп сөз ойлап тапқан ойыншы жеңімпаз атанады.

Мысалы: «Азық-түлік» тақырыбы бойынша ойынды төмендегідей ойнауға болады.

Самсалма лмұртторталқанан.

«Сиқырлы шеңбер» ойыны.

Ойынның мақсаты: байқағыштық, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Зат есім сөздерді таба білуге және олардың мағынасын дұрыс түсінуге үйрету.

Ойынның шарты: тақтаға немесе екі қағазға шеңбер сызып, оның ішіне кез келген көп әріптері бар зат есім сөз жазылады.

Ойыншылар сол берілген сөздегі әріптерді қолданып жаңа сөздер ойлап табулары шарт. Ойынды екі топқа бөлініп ойнауға болады.

«Байлаулы төртбұрыштар» ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушыларды тапқырлыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Жалқы есімдерді ажыратуға және сөздерді сауатты жаза білуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: берілген зат есім сөздерді торкөздерге дұрыс орналастыру арқылы екі ер баланың, бір қыз баланың жасырынған есімдерін табу шарт.

Берілген сөздер (ойын жүргізуші сөздерді өз қалауынша өзгертуіне болады)

Мысалы: *мата, ата, арман, тай, жан, бала, арық, жарық.*

	↓				→				
	→					↓			

«Әріптер сөйлейді» ойыны.

Ойынның мақсаты: зат есім сөздерді табу, сұрақтарын дұрыс қоя білуге үйрену.

Ойынның шарты: тақтаға бір мақал (нақыл сөз, өлең жолдары) жазылады. Ойын шарты бойынша оқушылар сол жазылған мақалдың әр әрпінен басталатын зат есім сөздер тауып, сұрақтарын қою керек.

Мысалы: «Өнер алды-қызыл тіл»

Ө-рнек (не?)

Қ-озы (не?)

Н-ан (не?)

Ы-дыс (не?)

Е-р (не?)

З-ат (не?)

Р-ух (не?)

Ы-нта (не?)

Л-ақ (не?)

А-дам (кім?)

Л-әззат (кім?)

Т-алғат (кім?)

Д-әрігер (кім?)

І-ні (кім?)

Ы-рысты (кім?)

Л-әйлә (кім?)

«Айырмашылығы неде?» ойыны.

Ойынның мақсаты: зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтарды есте сақтау, зат есімнің сұрақтарын дұрыс қоя білуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: тақтаға зат есімдер жазылады. Оқушылар тақтада жазылған зат есімдердің айырмашылығын ажыратып, сұрақтарын қоюлары шарт.

Мысалы:

Кітап-кітапханашы;

Дәрі-дәрігер;

Ас-аспаз;

Балық-балықшы;

Аң-аңшы;

« Ойлан, тап» ойыны.

Ойынның мақсаты: тапқырлыққа, зейінділікке, сауаттылыққа үйрету.

Ойынның шарты: оң және теріс оқығанда мағынасы өзгеріссіз қалатын зат есім сөздерді табу.

Мысалы:

ҚАЗАҚ, ҚАЛАҚ, ҚАДАҚ, ШЫБЫШ, ШАШ, АТА, АНА, ІНІ, АҒА, т.б.

Г.НСАНОВА,
М.Әуезов атындағы орта мектеп.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Ганюшкин ауылы

САН ЕСІМ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: білімділік-сан есім туралы білімдерін толықтыру, сан есім түрлерін оқыту. Қазақ халқының сан есім туралы ұғымдарына тоқталу; дамытушылық-ойлау қабілеттерін, бесенділіктерін, сабаққа деген ынталарын арттыру, тіл байлықтарын дамыту; тәрбиелік-ұлттық дәстүрді қадірлеуге, адамгершілік, ізгілікке, киелі сандардың қасиетін білуге баулу.

Түрі: «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы.

Әдіс-тәсілдері: «Ой шақыру», «Бес жолды», «Топтастыру», «Семантикалық карта» стратегиялары.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, оқулық, мақал-мәтелдер.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Үй жұмысын тексеру. Қызығушылықты ояту.

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
2. Зат есім дегеніміз не?
3. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?
4. Дара және күрделі зат есімге мысал келтір.
5. Жалқы және жалпы есімдер дегеніміз не?

6. «Кітап» сөзіне бес жолды өлең құра.
 7. Зат есім қалай түрленеді?
 8. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
Сөз таптарына тоқталап, топтастырып айтып кету.
- III. Жаңа сабақ. 1. «Ой шақыру». Сан есім дегенде ойымызға не келеді?
2. Оқулықпен жұмыс. 3-тапсырма. Өлеңді оқып, «жүз» деген сөзді қандай сөз таптарына жатқызуға болатынын анықтау.
Сергіту. «Көңілді күн»
Қазақ тілі «Математика» әлемінде. Логикалық есептер.
1. Қандай айда 28 күн бар?
 2. Аспанда үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Аспанда неше түйеқұс қалды?
 3. Бір жүз, екі құлақ неше адамның құлағы?
 4. Бір үйде әкесі баласымен және атасы немересімен отыр. Осы үйде неше адам отыр?
 5. Жексенбі күні еді. Атамның үйіне немерелері келді. Атасы немерелерінің алдына бір табақ алма қойды. Немерелері атасынан алманы бөліп беруді өтінді. Алманы бір-бірлеп берсе, біреуі артық қалады. Екі-екіден берсе, жетпейді. Сонда атасының үйіне келген немересі нешеу, табақта алма нешеу болғаны?
 6. Бір сан есімнен, екі зат есімнен құралған қаланың атын ата.
4. Адаққан сөздер.
Сөйлемдерді дұрыс құрастырып, сан есімнің астын сызындар.
1. Жүгері, екі, сантиметрден, күн, сайын, отырады,

ұзарып.

2. Кіріседі, жеті-сегіз, аптадан, шапшаң, кейін, өсуге.

3. Наурыз, бір мың тоғыз жүз қырық үшінші, жылдың, айы.

4. Бірінші, ғарышкері, елінің, қазақ, Тоқтар Әубәкіров, білеміз, екенін.

5. Жылқысы, жиырма-отыздай, қойы, екі-үш, жүз, сауын сиыры, жиырмаға тарта, бар.

5. Семантикалық картамен жұмыс.

мысалы	есептік	реттік	жинақ	топтау	болжал	бөл
			тық		дық	шектік
Бір мың екі жүз бес						
Біреу						
Екіден бір						
отызыншы						
Бес-бестен						
Бесінші						
Беске жуық						
Жүздеген						
Оннан						
Екі бүтін оннан бес						

6. Мақал-сөздің мәйегі.

1. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

2. Қызға қырық үйден тыю.

3. Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені.

4. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді.

5. Бірінші байлық- денсаулық.


6. Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер.

7. Ой толғау. 3, 5, 7, 13

Киелі сандар туралы не білесіңдер? Жалпы адам өмірі санмен байланысты. Кейбір сандарды киелі деп есептеген. Осы сандарға байланысты кездесетін қандай ұғымдар мен түсініктерді білесіңдер.

8. Венн диаграммасы

Зат есім Сан есім



9. Бекіту. 1. Сан есім қандай сұраққа жауап береді?

а) қандай? қанша? ә) не? нешінші? б) қанша? неше?

2. Сан есім . . . болып бөлінеді:

а) есептік, реттік, қатарлық; ә) қатарлық, кезекті; б) есептік, реттік.

3. Есептік сан есімді көрсетіңдер:

а) жиырма; ә) бесеу; б) он екінші.

4. Күрделі сан есімді көрсетіңдер:

а) ондарда; ә) елу бес, сексен екі; б) қырық, елу, жүз.

5. Жинақтық сан есім жасайтын жұрнақтарды табыңыз:

а) -ға,ге; ә)-ып,-іп; б) -ау,-еу.

6. Көп нүктенің орнына керекті сан есімді жазыңдар:

. . . рет өлшеп, . . . рет кес.

а) бір, бес; ә) жеті, бір; б) бір, көп.

7. Топтау сан есімді табыңыз:
а) екі мың; ә) он-оннан; б) екі бүтін оннан
бес.

8. Реттік сан есімді белгіле:
а) үшінші; ә) тоқсан; б) ондарда.



Б.ӘБІЛМӘЖІНОВА,
№5 орта мектеп КММ.
Петропавл қаласы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік-топтық жұмыс арқылы тіл дамыту. Қосымша әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; дамытушылық-шығармашылық мүмкіндігін қалыптастыру. Сын тұрғысынан өз пікірін қорғай алу. Өз ойын жеткізе білуге дағдыландыру. Қызығушылығын ояту; тәрбиелік-қазақтың салт-дәстүрімен тәрбиелеу.

Көрнекілік: көрме, магнитофон, суреттер.

Оқыту формасы: топтық.

Сабақта қолданатын әдістер: түсіндірме, әңгімелеу, сұрақ-жауап, сахналық көрініс, ізденушілік.

Пәнаралық байланыс: Ән-күй, әдебиеті, тарих.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру: психологиялық дайындық.

Үй жұмысын тексеру.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

– Балалар, біз бүгін қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысамыз.

- Сурет арқылы таныстыру. Бесікке салу. Бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен, елдегі тәжірибелі, өнегелі әжелерге, әйелдерге тажырылады. Ол бесікті аластап, тыштырма жасап алып, баланы бесікке бөлейді.

Сөздік жұмысы:

а) мәнерлеп оқу;

ә) қайталап оқу;

б) сөздермен сөз тіркестерін құрастыру;

шілдехана – вечеринка по поводу рождения ребенка;

нәресте – новорожденный, младенец;

думанды – праздничный;

сәби – ребенок;

қырқынан шығару – отмечать, 40 дней со дня рождения;

қарын шаш – утробный волос;

жейде – сорочка, рубашка;

бесікке салу – укладывать в колыбель;

мүлік – инвентарь, имущество;

аластау – изгонять;

елеулі – существенный, весомый;

жүктелу – поручиться;

кәде - здесь: подарок;

тұсау кесу – разрезать пучок;

қаз тұру – стоять на ногах;

есу – вить;

тұсау – спутать;
шашу – подарки, приносимые на торжества;
жүйелі тәртіп – определенный порядок;
ризалық – благословение;
құда – сват;
құда тұсу – свататься.

Сөздерді меңгергенін ойын түрінде пысықтау.

«Сөзтізбек» ойынын ойнау. Ойынның шарты: бірінші оқушы сөздің біреуін айтса, жанындағы оқушы екіншісін айтады, үшіншісі тағы бір сөзді айтып, жалғастыра береді.

2.Топтық жұмыс.

Әр топқа мәтіндер беріледі.

а) Қазақтың салт-дәстүрі жөніндегі мәтінді мәнерлеп оқиды.

ә) Әр топтан 1-2 оқушыдан мазмұнын айтса, басқа топтан сұрақтар қойып, топ мүшелері жауап береді.

Бала тәрбиесі – бесіктен (1-топтың мәтіні)

Адам өмірінің әрбір кезеңдерінде көптеген салт-дәстүрлер орындалады.

Соның бірі - бала тәрбиесіне байланысты салттар.

Өйткені бала - өмірдің жалғасы, болашағы. Сәби дүниеге келгеннен кейін шілдеhana тойы өткізіледі.

Баланы қырқына дейін көз тиеді деп көпшілікке көрсетпеген.

Баланың туғанына қырық күн толған соң, оны қырқынан шығарады: баланың қарын шашын алады, көп балалы, немере көрген әжелердің бірі 40 қасық су құйып алып, баланы шомылдырады.

Баланы шомылдырған әжеге сыйлық беріледі.

Бала қырқынан шыққан соң ата-әжесі немесе әкешесі бесікке салу тойын жасайды.

Бала қырқынан шыққанша оның нағашылары алдын

ала бесік жасатып алып келеді.

Баланың әке-шешесі бесік той өткізеді.

Тұсау кесу (2 топтың мәтіні)

Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң аяғын қаз-қаз баса бастайды. Бұл–баланың ең алғашқы талпынысы, тіршілігі. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер тойын жасайды. Баланың анасы ала жіп дайындап, оны бір пысық әйелге «Ал, сен, кес. Өзіндей пысық болсын» деп ұсынады. Ол кісі ала жіпті баланың екі аяғына тұсауша байлап, сонан соң ортасынан кеседі. Бала апасына қарай тәлтіректтей жөнеледі.

3. Дәптермен жұмыс.

Мәтіндегі екі жай сөйлемнен салалас құрмалас сөйлем құрап, синтаксистік талдау жасау.

4. Шығармашылық жұмыс.

Әр топ бір сахналық көрініс көрсетеді.

Ән ойналуда.

1-топ «Бесікке салу» дәстүрін көрсетеді.

Әже бесікті аластайды.

Алас, алас, аласы,

Келді, міне, баласы.

Көш, көш пәлесі,

Келді, міне, егесі.

Баланы бесікке салады.

Мойнымдағы маржаным,

Қорадағы мал– жаным,

Бесігіңе жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой!

Әлди, әлди, ақ бөнем,

Ақ бесікке жат бөнем.

Жылама, бөнем, жылама,

Көзіңнің жасын бұлама.

Қыз. Бесік жырын айтатын аналардан айналдық,
Ана сүтін ақтайтын балалардан айналдық.
Ұл. Айналайын, баладан,
Тауып алған даладан.
Қаз-қаз, қаз-қаз басайық
Тұсау кесер жасайық.

Ән ойналуда.

2-топ «Тұсау кесер» дәстүрін көрсетеді.

1-оқушы. Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өтіп,
аяғын қаз-қаз баса бастаған соң, «тұсау кесер» жасайды.

Ән ойналуда.

Әже ала жітпі баланың екі аяғына тұсауша байлап,
сонан соң ортасынан кеседі.

Қаз – қаз, балам, қаз, балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуіңді шешейін,

Тұсауыңды кесейін.

Қаз баса зой, қарағым,

Құтты болсын қадамың.

Өмірге аяқ баса бер,

Асуларды аса бер.

Қыз. *Ала жібім шешілді,*

Енді тұсау кесілді.

Бақытты бол, балақай,

Нағыз өмір – анада,

Нағыз өмір – балада.

Әже бесікті аластайды.

Алас, алас, аласы,

Келді, міне, баласы.

Көш, көш пәлесі,

Келді, міне, егесі.

Баланы бесікке салады.

5.Рефлексия.

Оқушылардың сабақ туралы пікірі.

- Балалар, балаға байланысты қандай салттарды білесіңдер?



6. Бағалау.

7. Мұғалімнің қорытынды сөзі.

8. Үйге тапсырма беру.

В.ТАҢАТАРОВА,
№7 жалпы орта
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

МЕНИҢ ӘУЕС ІСІМ- СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУ

Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушыларға тақырып бойынша мәлімет беріп, білімдерін жүйеге келтіру, грамматикалық ұғымдарды сауатты әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Пәнге қызығушылығын арттыру; дамытушылық-оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қазақ тілінде әңгімелеуге, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту; тәрбиелік-спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, оқу, суретпен жұмыс, аудару, толықтыру.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, дене тәрбиесі.

Пәнішілік байланыс: грамматика.

Көрнекілігі: суреттер, интерактивті тақта, стикерлер, топшама.

I. Ұйымдастыру бөлімі: сыныпты түгелдеу, оқу құралдарының толықтығы, оқушылардың сабақты

бастауға көңіл-күйін тексеру, оқушы назарын сабаққа аудару.

«Алма кәрзеңкесі» тренингін өткізу.

-Бүгін бізде ерекше сабақ, бүгінгі сабақтан не күтеміз?

- Тамаша көңіл-күй!

- Жақсы баға!

- Қызықты тапсырмалар!

- Жеңіл тапсырмалар!

Үй тапсырмасын тексеру (сыныптағы білгір, алғыр, ізденімпаз, шығармашылық оқушыны анықтау).

Алғыр оқушы бір оқушыға сұрақ қояды.

- Сенің әуес ісің қандай?

- Фонетика дегеніміз не?

- Кітаптың қандай түрлері бар?

- Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Термин дегеніміз не? Мысал келтір.

Ізденімпаз оқушы сыныпқа өзі дайындаған сұрақтарын қояды.

- Сенің әуес ісің қандай?

- Қандай ас дайындағанды ұнатасың?

- Қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?

- Қатаң дауыссыз дыбыстарды ата.

- Сурет салу кезінде қандай құралдар қажет?

Оқушы шығармашылығы. (Екі оқушы диалог құрастырады.)

- Аня, сәлем, қалың қалай?

- Сәлем, Ира, жақсы, өзің ше?

- Аня, айтшы сенің әуес ісің қандай?

- Ира, менің әуес ісім-фотоға түсіру. Ал сенің ше?

- Менің әуес ісім-ас дайындау.

- Қандай жерде фотоға түсіруді ұнатасың?
- Мен отбасыммен қыдыруға шыққанда, достарыммен демалғанда фотоға түскенді ұнатамын.
- Ал мен мереке күні анама ұлттық тағам дайындағанды ұнатамын.
- Әңгімеңе рақмет. Сау бол.

- Сау бол.

Галереяға саяхат. (Сұрақ-жауап, суретпен жұмыс)

- Мынау кім?
- Ол нешінші сыныпта оқиды?
- Ол не істеп жатыр?
- Оның әуес ісі қандай?

III. Жаңа сабақ.

Ой шақыру.

(Ауызша сұрақ-жауап)

- Сіз спортты жақсы көресіз бе?
- Сіз, әдетте таңертең жүгіресіз бе?
- Спорттың қай түрін жақсы көресіз?

Сөздікпен жұмыс. (Сөз тіркесі - сөйлем)

Денсаулық- _____

Жаттығу- _____

Шұғылдану - _____

Спорт киімі- _____

Көзілдірік- _____

Оқылым.

Мәтінмен жұмыс. Берілген мәтінді оқу, өзара сұрақ алмасу.

Спорт- денсаулыққа өте пайдалы. Сондықтан мен спортпен доспын. Таңертең ылғи жаттығу жасаймын. Мен шаңғы спортын жақсы көремін. Маған таза ауада спортпен шұғылдану ұнайды. Шаңғы спортына

арнайы спорт киімі, көзілдірік, шаңғы керек. Спорт-денсаулық кепілі.

- Ол не жасайды?
- Шаңғы спортына қандай құралдар қажет?
- Ол қай спорт түрін жақсы көреді?

Жазылым.

1-тапсырма. Берілген сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Менің әуес ісім -... шұғылдану.
2. Спорттың... көп.
3. Мен аптасына екі рет футболға....
4. Біз баскетболдан ... орын алдық.
5. Спорттың қай-қайсысы да денсаулыққа....

2-тапсырма. Төмендегі сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар.

Шұғылдану, денсаулық

Топшамен жұмыс.

1-топшама.

Шаңғы сөзіне фонетикалық талдау жаса.

2-топшама.

Күрес сөзіне фонетикалық талдау жаса.

3-топшама.

Шахмат сөзіне фонетикалық талдау жаса.

3-тапсырма. Берілген өлеңді оқып, Қанаттың мінезіне сипаттама беріңдер.

Футбол түгіл, хоккейді

Біледі ғой көп адам.

Допты қыздар теппейді,

Ал мен болсам, тебе алам!-

Дейді Қанат, мақтанып.

Білгішін-ай, мынаның!

Жылауға да шақ қалып,

Мен ренжіп тұрамын.
Менде оның ісі жоқ,
Оған «мақтау» керегі.
Көп білетін кісі боп
Көрінгісі келеді.
Электронды оқулықпен жұмыс.
4-тапсырма. (Тиісті сөздерді қойып, тіркес жасандар)

Доппен , шаңғыны , спортпен , жаттығу,
аэробикамен , спортты , тенисті ... , футболды
... .

Керекті сөздер: сүю, тебу, шұғылдану, жасау,
айналысу, ұнату, жақсы көру.

Бекіту. Тірек-сызбаны толықтыр.



Үйге тапсырма

Деңгейлік тапсырма.

ІІІ деңгей. *Спорт* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

ІІ деңгей. 4-тапсырма. Берілген мәтінді оқып,
төмендегі сұрақтарға жауап бер.

І деңгей. «Менің әуес ісім» тақырыбына шағын шығарма.

Х.СЕМБАЕВА,
№2 Новоишим орта мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,
Новоишим ауылы

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

Мақсаты: оқушыларды үй жануарларымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру.
Көрнекілігі: суреттер, слайдтар, ертегі.

Сабақтың барысы:

І. Ұйымдастыру.

ІІ. Кіріспе.

-Балалар, бізге бүгін қонаққа атай келіп тұр. Ата көктемде шалқан егіпті. Шалқан өте үлкен болып өсіпті. Күзде сабағынан ұстап тартып көрген екен жұлынбапты. Көмекке әжені шақырады. Әжені шақыру үшін диалог айтып беру керек.

- Сенің атың кім?

- Сен нешінші сыныпта оқисың?

- Менің атым ...

- Мен 0-ші сыныпта оқимын.

ІІІ. Санау.

Кемекке әжені шақырды. Әже атадан, Ата-шалқанның сабағынан ұстап тартып еді. Жұлынбады. Әжесі немере қызын шақырды. Немере қыз келу үшін бізге 1-10-ға дейін санап беру керек.

ІV. Түстер.

Немересі Жучка деген күшігін кемекке шақырды.

Ол келсін десеңіз түстерді айтып берейік. Жучка немереден, немере - әжесінен, әжесі- атасынан, атасы шалқанның сабағынан ұстап тартып еді, жұлынбады. Ал, енді, демалайық.

V. Сергіту сәті.

1, 2, 3 ал, кәнеки, ұш,
4,5,6,7 анау ауыл шеті,
8,9,10 ал, кәнеки, қон.

VI. Үй жануарлары.

Күшік пен мысық қайда тұрады?

Дұрыс, үйде адамның қасында тұрады. Сондықтан оларды үй жануарлар деп атаймыз. Бүгін біз үй жануарларымен танысамыз:

Жылқы - Лошадь;

Түйе — Верблюды;

Сиыр — Корова;

Қой — Овца;

Ешкі— Коза.

Күшік мысықты көмекке шақырды. Мысық - күшіктен, күшік - немересінен, немересі -әжесінен, әжесі - атасынан, атасы - шалқаннан тартып еді, жұлынбады.

VII. Суретпен жұмыс.

Сурет бойынша «мынау не?» деген сұраққа жауап беру.

VIII. Сергіту сәті.

Мысықтар ұйықтады, оянды, керілді.

IX. Сурет салайық.

Мысық тышқанды көмекке шақырды. Тышқан-мысықтан, мысық - күшіктен, күшік-немересінен, немересі-әжесінен, әжесі-атасынан, атасы

-шалқанның сабағынан ұстап тартып еді, шалқанды жұлып алды.

- Енді, балалар, үй жануарларының суреттерін салайық.

X. Қорытындылау.

Атай сендерге көмектескендерің үшін кішкентай шалқандарды сыйлыққа береді.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Не ұнады?

З.ЖОЛМАНОВА,
Комсомол орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ақтөбе облысы,
Әйтеке ауданы

ЖАЗҒЫ САЯХАТ. ҮСТЕУ

Сабақтың мақсаты: үстеу туралы мағлұмат беру, үстеудің мағыналық топтарына тоқталу, грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыпты байланыстыра отырып мезгіл үстеуге тоқталу. Жазғы орман, табиғаттың ерекшелігін әңгімелеп айтуға үйрету. Үстеудің жасалу жолдарын ұғындыру.

Міндеттері: білімділік-оқушылардың сөздік қорын молайту, өткенді пысықтау, білімдерін тиянақтау, кеңейту. Сөйлемнен сұрақ қою арқылы үстеуді дұрыс таба білуге үйрету. Балаларға жазғы саяхат туралы түсінік беріп, жаз туралы ұғымдарын жетілдіру, әр мезгілдің ерекшеліктерін салыстырып айтып беруге жаттықтыру. Сөз тіркестері мен сөйлем құрау шеберліктерін арттыру. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға үйрету; дамытушылық-оқушылардың жан-жақты ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту. Пәнге қызығушылығын арттыру. Жазғы саяхат туралы айта келіп, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, сөздік қорын молайту. Берілген сұраққа толық, нақты, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; тәрбиелік - табиғаттың әсем көрінісін қызықтай білуге, қоршаған ортаны сүйеге, оны аялай білуге,

өз денсаулығын шыңдай білуге тәрбиелеу, жазғы еңбекке баулу. Бір-бірін тыңдай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жазғы саяхатқа деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Типі: аралас сабақ.

Түрі: саяхат сабақ.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, кеспе қағаздар, тірек сызбалар, тірек-сызбалар, «Жаз» тақырыбына байланысты суреттер.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын, түсіндіру, баяндау, ой қозғау, пікірлесу, ой түйіндеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, музыка, дүниетану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа даярлығын тексеру.

II. Психологиялық дайындық. (Оқушылар тілек айтады)

Мен саған сәттілік тілеймін!

Мен саған шыдамдылық тілеймін!

Мен саған шығармашылық тілеймін!

Мен саған жақсы баға тілеймін!

III. Өткен материалға шолу жасау. Жұмбақ шешу. Оқуларды түгелдеу, сабаққа даярлығын тексеру. (жаз туралы)

- Балалар, жаз дегенде көз алдарыңа нені елестетесіңдер?

IV. Сабақтың мақсатын хабарлау, барысын айту. Жазғы орманға саяхатқа шығамыз.

V. Жаңа сабақ.

1-аялдама. «Гүлдер»

Сұрақ-жауап:

- Сын есім деген не?

- Буын үндестігі нешеге бөлінеді?
- Қазақ тілінде неше буын түрлері бар?
- Етістік дегеніміз не?
- Қазақ тілінде неше септік бар?
- Жаз айлары қандай?
- Сан есім деген не?
- Қазақ тілінде неше жалғау бар? Тапсырма:

«Гүл» сөзін септеу. Атау. Гүл.

Ілік. Гүлдің

Барыс. Гүлге

Табыс. Гүлді

Жатыс. Гүлде

Шығыс. Гүлден

Көмектес. Гүлмен

2-аялдама. «Табиғат сәні»

а) Мәтін оқу, әңгімелеу. Сұрақтарға жауап беру.

ә) Өлеңдер оқу.

3-аялдама. «Өзен»

«Өзен» сөзіне фонетикалық талдау жасау.

4-аялдама. «Жазғы орман»

а) «Жаз» әнін айту;

ә) Ойын: «Тапқыр». Үстеулерді мағынасына қарай бөліп жазу. Өзін-өзі тексеру.

Жаздыгүні, бүгін, сонда, тез, ауызша, мұнда, қазір, қазақша, қыстыгүні, көктемде, жазбаша, төмен, жоғары, ерте, артқа.

Мезгіл үстеуі	Мекен үстеуі	Сын-қимыл үстеуі
жаздыгүні	сонда	тез
бүгін	мұнда	ауызша
қыстыгүні	төмен	қазақша
көктемде	жоғары	жазбаша
ерте	артқа	

5-аялдама. «Кім білгір?»

а) Сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Жазда оқушылар суға шомылады.

б) *Орман* сөзін тізбектеп септеу.

6-аялдама. «Демалыс орны»

VI. Сабақты қорытындылау.



- Жазғы орман қандай?
- Орманда нелер өседі?
- Орманда нелер тіршілік етеді?
- Саяхат ұнады ма?

VII. Оқушыларды бағалау.

VIII. Үйге тапсырма.

**Л.ӘУБӘКІРОВА,
С.МҰХАМЕТЖАНОВА,
№43 орта мектебі.
Петропавл қаласы**

КҮЗ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты: оқушылардың күз туралы екі тілде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Міндеттері: оқушылардың күз туралы алған білімдерін пысықтап, сын есімді қайталау, білім деңгейін тексеру, тиянақтау, шындау; логикалық ойлау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру; туған жерінің табиғатын қадірлеп, қастерлеуге тәрбиелеу, оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту, табиғатты қорғауға, мейірімділікке баулу;

Aims:

-to check the knowledge of pupils of English language, to develop the abilities to speak English, creative abilities of pupils, to find expression in any situation.

-to develop: children`s memory, logical thought, creative abilities, vocabulary.

-children`s love to English language, love of nature, native country, love of arts, music and working.

Түрі: саяхат сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойландыру, мағынаны ашу сатысы.

Көрнекіліктері: презентация, интерактивті тақта, тірек-сызбалар, үлестірмелі суреттер, рефлексия парағы, қима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: ағылшын тілі, жаратылыстану.

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлемдесу. Сыныпты түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Күз туралы презентация дайындап келу, күз жыл мезгілі туралы әңгіме құру. Checking up the home task.

To make a presentation about autumn.

Сабақтың мақсатымен таныстыру: -Балалар, күз туралы алған білімдеріңді бекітеміз, сын есімді қайталаймыз.

Сабақты психологиялық дайындықтан бастау: Балалар, сіздердің көңіл-күйлеріңіз қандай, осы жақсы көңіл-күйлеріңде сабақты бастаймыз.

III. Жаңа сабақ. Қызығушылығын ояту. Өлеңге назар аударайық.

Бұлттар төніп,

Жерге шөгіп,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып,

Өңі тайып,

Дала сұры қашады.

Бой жаза алмай,

Ойнай алмай,

Денең мұздап, тоңады.

Айтыңдаршы, балаларым,

Бұл қай кезде болады?

- Қай мезгіл, кім айтады?

- Күз.

- Дұрыс айтасындар, рахмет.

Ендеше бүгін біз сендермен бірге «Күз әлеміне» саяхат жасаймыз.

- Бүгін екі топ жұмыс істейді.

I топ - Жомарт күз.

II топ- Алтын күз.

Саяхатқа дайынсыңдар ма? Ендеше автобуска отырамыз.

1. Бірінші аялдамамыз – «Әңгімелесу бағы».

а) Күз мезгілінің ерекшелігі қандай?

Күзде қандай өзгерістер болады?

Жалпы күз туралы мағлұматымыз бар екен.

ә) Make a cluster. Say some words characterizing the word «Autumn»

Кластер толтыру. Күз дегенде сендердің көз алдарына не елестейді? Күз сөзі қандай ассоциация тудырады?

-Балалар, саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

2. «Сұрақ-жауап тауына» келіп қалдық. (ағылшын тілде)

Answer the questions:

1. What season is it now?

2. Let's talk about the weather. Is it sunny? Is it cloudy?

Is it rainy? Is it cold?

3. Look at the sky! What colour is the sky?

4. What colour are the leaves?

5. What holidays are in autumn?

6. Do you like autumn?

3. Саяхатымызды жалғастырамыз, келесі аялдама-осы өлкеміздегі «Егістік»

Күз. Күн салқын. Жер дүние тыныштық құшағына енгендей. Осы бір тылсым табиғат сырының құпиясын білуге мәтінмен жұмыс жасаймыз.

Мәтін бойынша жұмыс істейміз. Алдарыңызда саяхат картасында мәтін жазылған.

«Даналық ағашы» ойыны.

Ойынның шарты:

а) Мәтінді жылдам және мұқият оқып шығамыз.

ә) 1-топ 1 мәтінді оқиды, 2-топ 2 мәтінді оқиды, мәтінге сұрақтар қоямыз, сұрақтарға жауап береміз.

1-топ мәтіні.

Қыркүйек (ерте күз)-күздің бірінші айы. Бұл суық түсті, жайлаудағы мал келді деген мағынада айтылады. Ауа салқындай бастайды. Шық түседі.

Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Ағаштың жапырақтары сарғайды. Күн салқындай бастады. Қыркүйектің жиырма екісінде күн мен түннің ұзақтығы теңеледі.

а) «Ерте күзді» деп қай айды атаймыз?

2-топ мәтіні.

Қазан (алтын күз)-күздің екінші айы. Бұл кезде қара суық басталады. Кешегі жасыл жапырақтар қызыл, сары, қоңыр түске еніп, жерге төгіледі. Күздің сылбыр жаңбыры толассыз жауады. Ағаштың жапырақтары сары түске басым болады. Үйрек пен қаз жылы жаққа ұшып кетеді.

ә) «Алтын күз» деп қай айды атаймыз?

4. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын анықтаңдар.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Қыркүйек-күздің бірінші айы		
Ағаштың жапырақтары сарғаймайды		
Құстар жылы жаққа ұшып кетеді		
Күн жылына бастайды		
Күздің сылбыр жаңбыры толассыз жауады		
Қыркүйектің жиырма екісінде күн мен түннің ұзақтығы теңеледі		

5.Сөз тіркесін дұрыс құрастыру (ағылшын тілде)

Match a line in A with a line in B.

A	B
Cool	weather
Warm	wind
Yellow	leaves
Early	autumn
Pouring	rain
Strong	fruit
Ripe	countries

IV. Саяхатымызды жалғастырамыз «Күз алқабына» келдік, күздің кереметін тамашалай отырып, балалар бір ойын ойнайық.

«Алма теру» ойыны.

Алманы теріп алу үшін тапсырмаларды орында.

1-алманың тапсырмасы. Let`s play the game “Gather apples”. And now tell me, what does autumn give us?

What vegetables and fruits can we taste in autumn? You must take a vegetable or fruit, describe it in Kazakh and in English, then you will put it into a basket.

Жемістер мен көкөністердің сипатап, себетке толтыру.

Жазбаша жұмыс.

3-алманың тапсырмасы: Қазір бейнефильм көрсетіледі

Осы бейнефильмнен алған әсерлеріңізді 5-6 сөйлеммен сипаттайсыңдар.

SERGITU CƏTI.

4-алманың тапсырмасы: Look at the slide, read the questions in English and find the Kazakh equivalents. Сөйлемдердің ағылшын тілінде сәйкестігін табыңдар, сұрақтарға жауап беріп, бір-біріңмен өзара сөйлесіңдер. (2 оқушы тақтаға шығып өзара сөйлеседі).

1-оқушы	2-оқушы
1. What season is it now?	1.Қазір қандай жыл мезгілі?
2. Name, please, the autumn months!	2.Күз айларын ата.
3. What is the weather like in autumn?	3.Күзде қандай ауа райы?
4. Where do birds fly away?	4.Құстар қай жаққа ұшады?
5. Do you like autumn?	5.Күзде не піседі?
6. What do people gather in autumn?	6.Саған күз мезгілі ұнай ма?

V. «Мақал-мәтел» ауылына келдік.

Балалар, суретші, мүсінші, ақын-жазушы, әнші де табиғаттың өзі. Асқар тау, нулы орман, байтақ дала, айдын көл, кәусар ауа, салқын, самал жел, көгілдір аспан, қарлы боран, аптап ыстық, киелі жер, сарқыраған өзен, мәуелі ағаш, шүйгін шөп, мұның барлығы табиғаттың жасаған сұлулығы. Табиғаттың сұлулығы ақындардың өлең-жырлары, музыка, қылқалам шеберлерінің ғажап туындылары арқылы суреттеліп, жетіп отырады.

Назарларыңызға атақты суретші Левитан, Остроуховтың суреттері, орыс ақындары Пушкин,

Тютчев тағы басқа ақындар табиғаттың тамаша кезеңдерін жырлаған екен. Вивальди, Чайковский жыл мезгілдеріне арнап музыкалық шығарма жазды, сондықтан табиғатты сүю керек. Күздің сұлулығын, кереметін Абай, Мұзафар Әлімбаев, Мұқағали Мақатаев, Мағжан Жұмабаев, тағы басқа ақындар жырлаған екен. Сіздер күз туралы қандай мақал, өлеңдер жақсы білесіңдер? (ағылшын, қазақ тілінде)

VI. Саяхатымыз аяқталып келеді. Соңғы аялдамамыз- «Дастарқан алаңы».

Постермен жұмыс істейміз: «Әр топ өз атын қорғайды» (екі тілде) «Жомарт күз» «Алтын күз», неліктен жомарт, неге алтын күз? Make a poster “Golden autumn”.

VII. Қорытынды. Рефлексия.

- Сонымен, балалар, саяхат сендерге ұнады ма? Ағаштың жапырақтары түсіп қалыпты, түскен жапырақтарды жапсырамыз.

Егер де сабақ ұнаса сары жапырақтар жапсырасындар, ұнамаса жасыл жапырақ ілеміз.

Енді, міне, көріп тұрмыз алтын күз келгенін.

Осымен, балалар, біздің саяхатымыз аяқталды. Балаларға көп-көп рахмет. Great! Thank you for your work, you were very active.

VIII. Үйге тапсырма: «Күзгі көрініс» шығарма.

Home task: To write a short essay about holidays in autumn.

IX. Бағалау.

Әдебиеттер:

1 «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті орыс мектептерінде» журналы, №3/2008ж.

И.ЖАНАЛИЕВА,
№ 23 жалпы орта білім
беретін мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР

Сілтемелер:	Оқулық. «Қазақ тілі» 11-сынып, қосымша ресурстар (мәтіндер).
Сабақтың мақсаты:	Қыстырма сөздер туралы білу, олардың түрлерін дұрыс айқындау, оларды өз ойларын жеткізуде, сөйлемдер құрастыруда қолдана білу, қосымша материалдар бойынша (лексикалық материал), қыстырма сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрылымын өзгертуге дағдыландыру, өз жұмысын, қасындағы жолдасының жұмысын қорыта және бағалай білу.
Күтілетін нәтиже:	Қыстырма сөздерді естеріне алады. Семантикалық қатар, Венн диаграммасын құрастыру кезінде барлық қыстырма сөздердің түрлерін, айырмашылығы мен ұқсастығын саралайды. Қыстырма сөздерді сөйлемде қолдана отырып, олардың сөйлемге беретін реңін ажыратады. «Көңіл – күйлерің қалай?» тренингі арқылы өздерін келер сабаққа дайындайды.

Қолданылған ресурстар, әдіс – тәсілдер:	Мультимедиялық проектор, «Қыстырма сөздер» тақырыбы бойынша маңыздысын анықтау мақсатында құрастырылған постер, «Көңіл – күйіңіз қалай?» тренингі, топтық жұмыс, диалог, өзін - өзі бағалау, өзара бағалау.		
Тапсырмалар	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушылар әрекеті
Психологиялық кезең. «Смайликтер. Сіздің көңіл – күйіңіз қалай?»	3 минут	Мұғалім оқушыларға психологиялық кезеңнің талабын түсіндіреді.	Оқушылар қол алысып, тілек айтып, жымию арқылы бір-біріне сәттілік тілейді.
Мотивациялау кезеңі	5 минут	- Балалар, жаңашылдыққа толы сабағымызды бастаймыз. Ол үшін біз сіздермен топтарға бөлінуіміз қажет. Сонымен қатар, сабақ барысында жағымды және ынтымақтастыққа толы жағдай сақталу үшін бір бірімізге айтқан тілектерімізді ұмытпайық.	Туған күндерінің сандары бойынша 3 топқа бөлінді. Топ мүшелері өздері капитандарын тағайындайды. Топтық жұмыс ережелерін меңгереді.

Кіріспе кезеңі (білім және түсінік) «Миға шабуыл»	5 мин.	Ал, енді жақсы көңіл – күй және жымию арқылы ортаға шығып, өз туған күндерімізді атайық. - Топтық жұмыс ережелерін естерімізге түсірейік. Капитан тағайындайық, ол сабақтағы белсенділігіңізді қадағалап отырады.	Топта талқылап, бір – бірден жауап береді. Капитандар (дарынды балалар) топ жұмысы қадағалайды. Топтық жұмыс. Постерлер құрастыру: «Қыстырма сөздер»
		Тақырып бойынша оқушылардың білімдерін жүйелеу мақсатында сұрақтар қояды. «Қыстырма сөздер» кластері. Мұғалім сабақ үрдісін қадағалайды, бірақ жұмыс барысына араласпайды. Топ спикерлерін тыңдайды. Оқулықтың 91-бетіндегі ережеге көңіл бөлулерін сұрайды, ережені оқытады. Сұрақ: кластерде қыстырма сөздердің барлық түрлері белгіленген бе?	

			Өз идеяларын жеткізу барысында тілдерін дамытады. Өз ұсыныстарын енгізеді. Ұжымдық бағалау. Кластерлерді талқылайды. Топ ережелерін қайталап айтып береді.
2. Меңгеру (қолдану және саралау).	20 мин.	92-бет, 1.4, 1.5-тапсырмалар бойынша жұмыс. Оқушылардың жұмысын қадағалайды.	Оқушылар тапсырмаларды орындайды. Қыстырма сөздердің тыныс белгілерін қояды. Венн диаграммасын, қыстырма сөздердің семантикалық қатарын құрастырады.
		Қосымша лексикалық материал бойынша жұмыс.	

		Сіздер қандай оқу орындарын білесіңдер? Сіздер біздің қаланың оқу орындарында болдыңдар ма? 1. «Оқу орындары» мәтіні бойынша жұмыс. Мәтін мазмұнымен танысыңдар, өздеріңе маңызды мәліметтерді теріп жазып, қыстырма сөздерді өз ойларыңды жеткізу барысында қолданыңдар. (Сөйдемдерді «Ойды толықтыр» тапсырмасы бойынша толықтырады). 2. «Оқу орындары» туралы диалог құрастырыңдар.	Лексикалық тақырып бойынша мұғалім сұрақтарына жауап береді. Өзіндік талдау жүргізеді. Топта жұмыстанады. Дәптерлеріне оқу орындары туралы мәліметтер жазады, диалог құрастырады, мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырады. Әр топтан команда спикері сөз алады, қыстырма сөздер қолданылған сөйлемдерді оқиды. Өзін-өзі, өзара бағалау.
3.Бағалау.	4 мин.	- Бүгін сабақта нені қайталадық? - Қандай жаңа тақырыпты меңгердік? Нені үйрендік? - Қорытынды бағалау жүргізіңіз.	Сұрақтарға жауап береді. Бір-бірін формативті түрде бағалайды.
Суммативтік бағалау.			

Дереккөздер, қосымша жабдықтар:	А-4 қағаздар, маркерлер, смайликтер, мәтін жазылған үлестірме материалдар.
Үйге тапсырма:	Қыстырма сөздермен «Оқу орындары» тақырыбы бойынша 5 сөйлем құрастыру; Мәтінді мазмұндау (диалог түрінде).
Сабақты қорытындылау	

Н.ТАСТАНБЕКОВА,
№5 орта мектеп мектепке
дейінгі шағын орталығымен
мемлекеттік коммуналдық мекемесі
 Алматы облысы, Қапшағай қаласы

ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Мақсаты:	Блум таксономиясына сәйкес оқушылардың қарсылықты бағыныңқы сабақтастың бағыныңқысының жасалу жолдарын түсіндіру, басқа сабақтас сөйлемдерден ажырата білуге дағдыландыру. Қарсылықты салалас пен қарсылықты бағыныңқы сабақтың ерекшелігін, ұқсастығын ажырата білу. Білім-білігін, сөйлеу тілін, тіл мәдениетін, шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру, ойлау, танымдық қабілеттерін дамыту.
----------	---

	Оқушыларды сауаттылыққа, ұйымшылдыққа, жолдастарына көмектесуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.
А, Б, В оқушыларының көрсеткіштері:	Салалас қ.с. сөйлемнің түрлерін ажырата алады. Талғаулы с. қ. Сөйлемге мысал келтіріп, талдай алады.

Күтілетін нәтижелер:	Топтық, диалогтік жұмыс арқылы білім алмасып, оқушылар бір-бірінен үлгі алады, нені қалай оқу керектігіне өзіндік тиімділігі артады, диалогтік қарым-қатынаста тындау және сөйлеу әдебіне көңіл аударады, дарынды оқушыны үлгі етеді, өз бетінше ізденіп, білім алуға, оқуға талпынады.	
Сабақтың түрі	Жаңа білімді меңгерту.	
Іс-әрекеттің түрі, уақыты:	мұғалімнің іс - әрекеті	оқушылардың іс-әрекеті
I. Кіріспе бөлім. Оқушыларды түгелдеу. 2. Серпіліс.		
Оқу тапсырмалары		
Теориясы. «Білу» (Кім?Не?Қашан? Қайда? Не істеді?)	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас дегеніміз не? Қарсылықты бағыныңқылар қандай сұрақтарға жауап береді? Қарсылықты бағыныңқының баяндауыштары қалай жасалады?	
Теориясы. «Түсіну» (Неге? Неліктен? Не үшін?) (өзара бағалау)	Кесте арқылы қарсылықты салалас пен қарсылықты бағыныңқы сабақтасқа мысал келтіре отырып түсіндір.	

	Қарсылықты салалас	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас
	Құрамындағы жай сөйлемдері біріне-бірі қарама-қарсы мағынада айтылған салаластың түрін қарсылықты салалас деп атаймыз. жөк Мысалы: Ән басылып қалды,бірақ көпшілік әлі тараған.	Басыңқыдағы іске бағыныңқыда айтылған іс немесе басыңқыдағы іс бағыныңқыдағы іске қарама-қарсы мағынада айтылса, ондай сабақтастың түрін қарсылықты бағыныңқы сабақтас деп атаймыз. Мысалы: Құр әдеппен жымығаны болмаса, Абай оның сөзін аңғарған жоқ.
Практикасы. «Қолдану» (Оқулықта берілген жаттығу бойынша жұмыс жасау) («Басбармақ» арқылы бағалау)	Қарсылықты салаластарды төмендегі үлгі бойынша қарсылықты сабақтас құрмаласқа айналдырып жазындар. Үлгі:	
	Қарсылықты салалас	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас
	Қазір бөгелген түйіні, қалаған тұжырым осы еді, бірақ оны балаларға айтудың да, айтпаудың да орайын таппады.	Қазір бөгелген түйіні, қалаған тұжырым осы болғанмен, оны балаларға айтудың да, айтпаудың да орайын таппады.

	<p>Ағаштың арасына кіре, өкпек желден құтылдым, сонда да тоңған денемнің түршігуі басыла қоймады.</p> <p>Ауылда, Баянда мектеп көргені, бірақ ресми түрде мектеп бітірмеген. Урядник бірдеме деп жатты, - оны Асқар тыңдаған жоқ. Бас болмақ оңай, бірақ бастамақ қиын. Көктем келді, дегенмен күн жылына қоймады.</p>		
<p>Теориясы. «Талдау» (Салыстыр, айырмашылығы неде?) «Светофор» бағалауы.</p>	<p>Венн диаграммасы арқылы қарсылықты салалас пен қарсылықты бағыныңқы сабақтастың ерекшелігі мен ұқсастығын көрсет.</p>		
	<p>Қарсылықты салалас</p>	<p>Ортақ белгісі</p>	<p>Қарсылықты бағыныңқы сабақтас</p>
	<p>1. Салалас құрмалас сөйлемнің түрі. Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.</p> <p>2. Баяндауыштары тиянақты, жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.</p>	<p>1. Екеуі де құрмалас сөйлем.</p> <p>2. Құрамында екі немесе бірнеше жай сөйлем болады.</p> <p>3. Екеуі де күрделі ойды білдіреді.</p>	<p>1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрі.</p> <p>2. Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келеді.</p> <p>3. Бірі екіншісіне сабақтаса байланысады.</p> <p>4. Бағыныңқы, басыңқы сыңары болады.</p>

<p>Теориясы. «Жинақтау» (Алынған ақпарат негізінде қорытынды жасау, жүйелеу) (Мұғалімнің бағалауы)</p>	<p>Бағыныңқы сөйлемдерінің ыңғайына қарай басыңқы сөйлем ойлап, қарсылықты бағыныңқы сабақтас жасандар.</p> <p>Тау көз ұшында көрінгенмен,</p> <p>Барып құлақ салсақ та,</p> <p>Жарысқа түспегені болмаса,</p> <p>Күн райының қабағы түйіле түскеніне қарамастан,</p> <p>Тайбурыл асау болғанмен,</p>
<p>Практикасы. «Бағалау» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? Өз ойыңыз?)</p>	<p>Қарсылықты бағыныңқы сабақтасты қатыстырып, «Менің сүйікті әдеби шығармам» атты тақырыпта ойтолғау жазыңдар.</p>
<p>III. Қорытынды бөлім. 1. Сергіту сәті. 2. Рефлексия.</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>
<p>Ресурс.</p>	<p>Қазақ тілі.-А., Мектеп, 2013.184-б.</p>

А.ХАВДРАШ,
Белояр негізгі мектебі.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы,
Белояр ауылы.

МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

Сабақтың түрі: зерттеу сабағы.

Қолданатын тәсілдер: танысу, зерттеу, оқу, талдау, тапсырма орындату, сөздік қайталау.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі пәнімен.

Сабақтың мақсат-міндеттері:

1. Білімділік: тақырып бойынша баланың тілдік білімі мен сөздік қорын, тіл тазалығын арттыру.

2. Дамытушылық: баланың сөздік қорын, тіл тазалығын, ой еркіндігі мен сөз еркіндігін жүйелі түрде дамыту.

3. Тәрбиелік: «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» мақалы арқылы баланы сапалы білім алуға, мәнді де нәрлі тәрбие алуға тәрбиелеймін.

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу кезеңі.

2. Кезекшіні анықтап, ай-күні, аптаның қай күні, ауа-райы, сыныпта кім жоғын анықтау.

II. Үй тапсырмасын тексеріп, нәтиже түйю: 136-бет, 5-тапсырма. Жазбаша түрде сөйлемді аяқтау.

III. Зерттеу сабағының өтілу барысы:

а) 137-беттегі сурет арқылы тақырыппен танысу:(Мектептің суреті берілген)

1. Бұл не ?

2. Мектеп қандай?

3. Мектеп неше қабатты?

4. Мектеп ауласында нелер бар?

б) Талдау: 1. Сұрақ-жауап бөлімі:

- Балалар, біздің мектеп қандай?

- Біздің мектеп неше қабатты?

- Мектеп ауласында нелер бар?

- Мектептің іші қандай?

- Терезелерде нелер бар?

- Мектебімізде қандай кабинеттер бар?

2. «Салыстыр» (Тақтаның екі жағында «үлкен», «кішкентай» - деген жазуға оқушылар зат есімді сөздерді бөліп жазуы тиіс.)

Мектеп, сынып, кітап, кілт, бала, адам, қалам, қала, асық, бақша, күн, ай, есік, іні, қарындаш, қарындас, мұхит, көл.

V. Кезекпен берілген мәтінді оқып, аударма жасату.

1. 5-тапсырма: *Мынау-мектеп. Менің мектебім үлкен. Мектепте сыныптар, кітапхана, асхана, спортзал, бассейн бар. Асхана бірінші қабатта. Кітапхана екінші қабатта.*

2. 6-тапсырма:

- *Сынып* деген сөзде неше буын бар?

- Екі буын бар.

- Қандай?

- *Сы –нып.*

- Бірінші буын қандай?

- Бірінші буын – жуан буын.

- Екінші буын қандай?

- Екінші буын – жуан буын.

IV. Талдау: 1.4-тапсырмада берілген үлгі бойынша ауызша сөйлем құрау:

Біздің мектепте... бар. (бассейн, кітапхана, спортзал, сыныптар, асхана.)

Біздің мектепте... жоқ. (үй, теңіз, дүкен, қолшатыр.)

2. *Мектеп, асхана, кітапхана* сөздерін буынға бөліп, буын түрлерін анықтату.

V. Тапсырма орындату: 1.2-тапсырма бойынша сұраққа 3 сөйлем арқылы жауап беру. «Сенің мектебің қандай?» 2.3-тапсырма. Берілген суреттер арқылы әр қайсысына сөйлем құрату. 3.4-тапсырма. Берілген үлгі бойынша сөйлемді толықтыру.

VI. Шаттық шеңберін құру арқылы сөздік қайталау: 1. Сандар; бірліктер, ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар.

2. Зат есімдердің орындарын атау: На столе, за домом, под партой, возле школы, в сумке, на окне.

VII. Сабақтың үшінші мақсаты «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» мақалы арқылы оқушыны мектепте алған білімі мен тәрбиесін өмірде оңтайлы пайдалануға баули отырып сабақты қорытындылау кезеңі.

VIII. Үйге тапсырма: Екі сөзге тәуелдік, екі сөзге жіктік талдау жасап келу.

VIV. Оқушылардың еңбегін бағалау кезеңі.

А.СҰЛТАНОВА,
№8 мектеп-гимназия.
Ақмола облысы,
Щучинск қаласы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік-тақырыпты түсіндіру, жаңа сөздерді енгізу және оларды дұрыс қолдана білуге үйрету; дамытушылық-сауатты оқу және жазу дағдыларын дамыту, сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, лексикалық тақырып бойынша сөйлей алу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік-табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді түсіндіру.

Типтері: кіріспе сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктері: суреттер, сызбалар, карточкалар, бейне ролик, сөзжұмбақ.

Пәнаралық байланыс: география, орыс тілі.

Ереже: зат есім, сын есім.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындау (оқу құралдарының түгелдігін тексеру).

- Ал, балалар, бүгін қандай мақсат қоямыз?

2. Психологиялық дайындық

Мақсатымыз - білім алу,

Міндетіміз - еңбектену,

«5»-ке қолды жеткізу.

II. Үй жұмысын тексеру: (Оқушылар үш топқа

бөлініп отырады)

А) Сөздікті жаттау жұмысын тексеру. (әр оқушы жеке жазбаша орындайды)

1. Оңтүстік-
2. Солтүстік-
3. Шығыс-
4. Батыс-
5. Өзен-
6. Көл-
7. Биік-
8. Тау-
9. Ала-
10. Тұрамын-

1. Сөздерді орысшаға аудару.

2. Жұптық жұмыс (бір-бірлерінің жұмыстарын тексеріп, бағалау)

Б) Жаңылтпашты тексеру.

(2-3 оқушылардан сұрау)

Мынау бір тау.

Мрамор тау

Мрамор тау

Мына бір тау.

III. Жаңа сабақ (сабақтың тақырыбын оқушылар ашады)

1. Кеспе әріптермен жұмыс (әр топ әріптермен ауызша сөз құрастырады)

1-топ: *Қазақстанның*

2-топ: *Табиғаты*

3-топ: *әдемі, бай*

- Үш топтың сөзінен қандай сөйлем құрастыруға болады? (Қазақстанның табиғаты әдемі, бай.)

Мұғалім жаңа сабақтың тақырыбын айтып, мақсатын түсіндіреді.

- Балалар табиғатқа не жатады?

«Адам баласы жаратылысынан табиғатпен етене жақын өмір сүріп келеді. Адам өзіне қажеттісінің бәрін табиғаттан алады.

Табиғат адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктердің бастауы. Адамзаттың әлемде алатын орны зор.

Табиғат-ана барлығына ортақ. Сондықтан «Табиғат тазалығы - адамзат амандығы» екенін естен шығармау керек.

Адамзаттың басты міндеті-табиғаттың қуат көздерін орнымен пайдалану, оның әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу, ағаш егу, т.т.».

Адам мен табиғат бірлігі, табиғат адамның асыраушысы, панасы, сондықтан оны таза ұстау, мейірімділік қатынас жасау-әр адамның парызы.

Бейне ролик көрсету.

IV. Тапсырмалар.

2. Сурет құрастыру (әр топтың құрастырған суретінен топтың атауы шығады)

1-топ- «Тау»

2-топ-«Гүл»

3-топ-«Өзен»

- Табиғатқа нелер жатады? (суретті құрастырғаннан кейін таудың, гүлдің, өзеннің суреті ілінеді)

- Енді топтарыңның атауларын қорғауларың керек.

3. Сөйлем құрастыру (жазбаша)

Осы сөздермен сөйлем құрастыру.

- | | | |
|--------|--------|---------|
| 1.Тау. | 1.Гүл. | 1.Өзен. |
| 2. | 2. | 2. |
| 3. | 3. | 3. |
| 4. | 4. | 4. |
| 5. | 5. | 5. |

Зат есім, сын есім сөздерді табу (ережені қайталау).
Сергіту сәті.

4. «Адасқан әріптер» (сөз құрастыру) «Қазақстан» деген сөз шығады.

Сұрақ-жауап:

- Сен қай Республикада тұрасың?
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстанда нелер бар?
- Қазақстанда неше облыс бар?
- Қазақстанның үлкен қалалары қандай?

Ойын. Кім көп сөз біледі? «Қазақстан» деген сөзден сөздер ойластыру (әр топ орындайды)

5. Мәтінмен жұмыс.

1-топ мәтінді оқып, аударады. Мәтін бойынша сұрақтар қояды.

2-топ диалогпен жұмыс жасайды. Диалогты оқу, аудару.

3-топ сөзжұмбақ шешеді.

		Т	Ө	Р	Т	
		А	Ғ	А	Ш	
		Б	Е	С		
	П	И	Я	З		
Т	О	Ғ	Ы	З		

	Қ	А	Р	Б	Ы	З
		Т	А	У		

1. 4
2. Дерево
3. 5
4. лук
5. 9
6. арбуз
7. гора

V. Өлеңді түсініп оқып, жаттау (дәптерге жазғызу)

Табиғат

*Табиғат-біздің анамыз,
Жер-Ана-біздің панамыз.
Таза болса табиғат
Біз де аман боламыз.*

*Мен жерімді сүйемін
Жеріме дән себемін.
Ауа таза болсын деп,
Жылда ағаш егемін.*

VI. Рефлексия.

- Біз бүгін не туралы айттық?
- Не білдік?
- Нені үйрендік?
- Біздің өлкеміздің табиғаты қандай?

VII. Сабақты бағалау.

VIII. Үйге: Өлеңді жаттау, сөздерді қайталау.

Ә.ЫҚЫЛАСОВА,
Мұхтар Әуезов
атындағы орта мектеп.
Шығыс Қазақстан облысы,
Бородулиха ауданы,
Ново-Покровка ауылы

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫН ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: етістіктің рай категориясы туралы алған білімдерін бекіту, тұжырымдау, теориялық білімін практикамен ұштастыру; ойлау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; орындалатын жұмыстар арқылы отансүйгіштікке, аналарды қадірлеуге, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Түрі: жарыс сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, деңгейлік тапсырмалар.

Көрнекілігі: семантикалық карталар, оқулық, схемалар, топ аттары, мақалдар жазылған таблицалар, перфокарталар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Өткен тақырыпты қайталау.

- Балалар, бүгін біз сіздермен етістіктің райларын қайталаймыз. Сендердің білімдеріңді тексеремін. Бірнеше тапсырма түрін орындайсыңдар. Сабақты бастамас бұрын 2 топқа бөлініп алайық. (Түрлі-түсті

парақтар бойынша қызылдар-ОТАН, жасылдар-ТҰЛПАР болып екіге бөлінеді).

Ол үшін мына мақалдардың мәнін ашып алайық.

1. *Отан үшін отқа түс, күймейсің.*

2. *Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.*

- Бірінші мақал Отан туралы, екіншісі тұлпар туралы екен.

- Ендеше топтың аттары – «Отан» және «Тұлпар». Сайысымызды бастаймыз.

III. Ең алдымен, «Біліміңді байқап көр» сайысы арқылы теориялық білімдеріңді тексерейік.

1. Етістіктің райлары дегеніміз не?

2. Етістіктің райлары мен шақтарының арасында қандай ұқсастық пен өзгешелік бар?

3. Етістік райларының қандай түрлері бар?

4. Ашық рай нені білдіреді, қалай жасалады?

5. Бұйрық рай дегеніміз не, қалай жасалады?

6. Шартты рай дегеніміз не, қалай жасалады?

7. Қалау рай дегеніміз не?

8. Қалау райдың қандай жасалу жолдары бар?

IV. Оқулықпен жұмыс (тақтада және дәптерде орындау).

Тақтаға әр топтан оқушыларды кезек-кезек шығарып, етістіктердің шағын анықтату.

Болатын – ашық рай, ауыспалы өткен шақ.

Көрінеді – ашық рай, ауыспалы өткен шақ.

V. Мәнерлеп оқу. «Поэзия минуты».

Фарица Оңғарсынованың ана тақырыбындағы өлеңін (179-жаттығу) оқушыларға мәнерлеп оқыту.

- Өлең кім туралы? Авторы кім?

Ақынның басқа қандай өлеңдерін білесіңдер?

- Өлеңнен бұйрық рай, қалау рай, ашық райда тұрған етістіктерді табыңыздар.

Ашық райдағы етістіктердің қай шақта тұрғанын талдаңыздар.

Бұйрық рай: тыңда.

Қалау рай: салғың келеді, айтқың келеді.

Ашық рай: *еккен, түлеткен, күл еткен, тұрған, сарқылмайтын* (бұрынғы өткен шақ).

VI. Салыстыру. «Венн диаграммасы»

Қалау рай мен ашық райды салыстыру.

-ғы, -гі, -қы, -кі+кел	
-са, -се+игі еді	
-ғай, -гей, -қай, -кей	

Бұйрық рай мен шартты райды салыстыру.

VII. Әр райға қатысты мақал-мәтел, нақыл сөздер жарысы.

Адамды түсіне қарап таныма, ісіне қарап таны.

Не ексең, соны орарсың.

Мезгілі жетсе, мұз ерір.

Көп іздеген адам көмбенің үстінен шығар.

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисе игі еді,

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисе игі еді.

VIII. Деңгейлік тапсырмалар.

1-деңгей. Ойлан, тап. «Сәйкестік тесті»

Ойнады	тұйық етістік
Бара жатыр	есімше
Сұраған	өткен шақ
Кесіп	осы шақ

Байлау

көсемше

Қатыспақ

келер шақ

2-деңгей. «Кім жылдам?»

Семантикалық карталарды толтыру.

Етістік	Ашық рай	Қалау рай	Бұйрық рай	Шартты рай
Оқы				
Жаз				
Тыңда				
Бар				
Секір				
Күре				
Тоқта				
Сұра				
Айт				

3-деңгей. Шығармашылық жұмыс.

а) Сөйлем мүшесін талдау.

Шәкәрім Стамбулда болған еді. Үйдің төңірегі қобырап жатыр. Жақсы жаныңа жолдас болар. Екеуінің әңгімесі аяқталмай қалды.

ә) Мақалдардағы етістік райларын анықта.

1. *Отан үшін отқа түс, күймейсің.*

2. *Мың жүйрік арасында бір тұлпар шығады алға.*

Түс – бұйрық рай, II жақ, жекеше, қалыпты.


Шығады – ашық рай, ауыспалы осы шақ, III жақ.

4-деңгей. Семантикалық картаны толтыру. Өздік жұмыс.

Мысал-дар	Нақ осы шақ	Ауыс-палы келер шақ	Болжал-ды келер шақ	Мақ-сағты келер шақ	Ауыс палы келер шақ	Бұ-рын-ғы өткен шақ	Жедел өткен шақ	Ауыс-палы өткен шақ
Мен барған мын								

Сабақты бекіту. «Топтастыру»

- Бүгінгі сабақта нені қайталадық? Етістік райларының неше түрі бар?



Оқушылардың білімдерін бағалау.

Үйге тапсырма: 180-жаттығу. «Бақыт» тақырыбына ойтолғау жазып келу.

Тиімді әдіс-баршаға ортақ

А.ТЛЕУҒАЗИНА,
№ 9 орта мектеп.
 Семей қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

«Біз бүгін еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, дәуірлеген заманымызда ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатын сала-білім саласы екені бәрімізге аян. Осы орайда мұғалім қауымына артылатын жүктің салмағы ауыр екені белгілі. Ұстаздың жүгін адал орындау-біздің парызымыз. Ең алдымен, мұғалімге керегі-өз пәнін жете меңгеру. Ол үшін үздіксіз ізденіп, өз біліктілігін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай озық тәжірибелерді іскерлікпен пайдалану керек.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деген пікірімен бала өміріндегі ойыншығының маңыздылығына көз жеткізуге болады. Ойын түрлері көп. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін қолдану - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сабаққа белсенділігін арттырады.

Ойын - оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті - ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты - бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті-баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында көңіл-күйді сергітеді, ерік-жігерді дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын-оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы: дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай күрделенгені дұрыс.

Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Ойынның түрлері көп. Сондықтан ойын балалардың жас

ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыбына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс.

Сабақта ойын түрлерін өткізу оқушылардың ой-өрісін, тапқырлығын, жылдамдығын, сөздік қорын молайтуға әкеледі.

Ойын - бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді.

Ойын түрлерін сабақтың тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Ойын түрлері сабақты қызықты өткізуге, оқушылардың сабаққа ынтамен қатысуына өз бетімен жұмыс істеуіне, өздігінен қорытынды жасауына жол ашады.

Ойын әрекеті оқу барысында төмендегідей қызметті атқарады:

Қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын дидактикалық ойындарды сабақтың мақсатына қарай мынандай түрлерге бөліп қарастырады:

1. Тапқырлық ойындар;
 2. Ізденімдік ойындар;
 3. Рөлдік ойындар;
 4. Іскерлік ойындар.
1. Тапқырлық ойындар - оқушылардың логикалық

ойлауын қалыптастырады. Мысалы: асық ойыны, «Қоржында не бар» ойыны, «Дыбыстық ойыны»; «Әліпбиді білесің бе?» ойыны.

«Қоржында не бар» ойынында қоржында жатқан әріптерден сөз құрастыру керек.

«Дыбыстық ойыны» (1 минут ішінде 1-қатар «Ә» дыбысына, 2-қатар «Ұ» дыбысына, 3-қатар «Ә» дыбысына сөз құрастыру керек)

«Әліпбиді білесің бе?» ойынының шарты: қазақ әліпбиіндегі әріптердің реттік санын білу, сол бойынша жасырынған сөздерді, мақал-мәтелдерді шешу:

1 24

1 25 1 24 37 18 118

1 25 1 17 8 14 8 18

2. Ізденімдік ойындар - оқушыларды өздігінен ойлауға үйретеді. Мысалы: «Баламасын тап» ойыны, «Қандай сөздер жасырынған» ойыны, «Буынды тез тап» ойыны, «Бинго» ойыны.

«Баламасын тап» ойынында 1-қатардағы сөздерге 2-қатардан баламасын табу керек.

Жалқы -

Жалпы -

Деректі -

Туынды -

Дара -

Жанды -

Дерексіз -

Күрделі -

Негізгі -

Жансыз-

Простые

Сложные

Непроизводные

Производные

Собственные

Нарицательные

Одушевленные

Неодушевленные

Конкретные

Абстрактные

«Қандай сөздер жасырынған» ойыны:

РАЖАҚЫРЫЙД - ЖАРҚЫРАЙДЫ

ІРЕИД- ЕРИДІ

ПҰШЫ КЕДІЛЕ- ҰШЫП КЕЛЕДІ

ҮЛГДІДЕЙ- ГҮЛДЕЙДІ

БЫРЖАҢ УАДЫЖА- ЖАҢБЫР ЖАУАДЫ

ДЫҚАЗА- ҚАЗАДЫ

ҚҰДЫЯ- ҚҰЯДЫ

ҰДАЗАРЫ- ҰЗАРАДЫ

ДЫНАОЯ- ОЯНАДЫ

ДІКЕЛ- КЕЛДІ

«Буынды тез тап» ойыны ("қар" буынынан басталатын сөздерді жазу керек. Мысалы: қарлығаш, қарға, т.б.)

3. Рөлдік ойындар - оқушылардың шағармашылық ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

4. Іскерлік ойындар - оқушылардың түрлі жағдайда дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын, диалогтік және монологтік үлгілерін жетілдіретін ойын түрлері.

«Дос» тақырыбына сөз тіркестерін құра ойыны: (1-сөз сын есімнен 2-сөз зат есімнен болуы керек. Мысалы: Жақсы дос)

Сын есім + зат есім.

Сан есім + зат есім.

Зат есім + зат есім.

Есімдік + зат есім.

Зат есім + етістік.

Сабақта дидактикалық ойын түрлерін пайдалануда бала білімінің деңгейін, біліктілік сапасын көтеретіндей, ұлттық санаға, салт-дәстүрге, тәрбиеге сай болуын ескеруіміз керек. Мысалы: жамбы ату, асық ойыны.

Жазушылардың суреттерін көрсетіп, сол сурет туралы әңгіме құратуға, олардың шығармаларының атын атап, сипаттама бере білуге болады.

«Тез ойлан» ойыны. Үш буыны да ашық дауысты және үшеуі де бір дауыссыз дыбыстан құралатын сөз тап. Ол қандай сөз? *Кереге, терезе.*

Үш дыбысты сөз ойла. Оның дауыстысы жуан, ашық, еріндік болсын. Мысалы: *қол, жол, мол.*

Сынып оқушыларының ішінен аты үндіден басталып, ашық, жуан, езулік дауысты дыбысқа аяқталатынын тап: *Роза, Лара, Майра.*

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз сабақты жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ойын-әрекет және белсенділік. Балалар шаршаған мезетте сергіту, бой жазу жаттығулары өте пайдалы. Сергіту ойындары балалардың сабақты зейін қойып тыңдауына, ақыл-ойын бір нәрсеге тұрақтандырып, саналы түрде білуге септігін тигізді.

Ойын элементтері оқу үдерісін пысықтау, жаңа

сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланумен қатар, ұйымдастыру кезеңінде пайдалану тиімді.

Білім беру жүйесінде өмір талабы үш тілді білу, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылған. Оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беруі тиіс. Бірыңғай жазу жұмыстары, жалаң сөз, жаттау оқушыларды жалықтырады. Ал ойын технологиясын қазақ тілі сабақтарында тиімді қолданудың нәтижесін келесі диаграммадан көрулеріңізге болады. Бұл өткен оқу жылындағы 5 «А» сыныптың қазақ тілінен әр тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші.

Әдебиеттер:

1 Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. -А., 2010ж.

2 Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері».

3 Қазақ тілі (дидактикалық материалдар). Алматы кітап. 2010ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКИ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен бірге біз оның ойын да дамытамыз. Тіл - ойдың құралы. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана баяндалады.

Қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема - тіл мен сөйлеу үдерісін жіктей оқытып, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша назар аударуы тиіс.

Әр мұғалім қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне және білген нәрселерін ауызекі сөзде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушының тілін дамыту жұмысы - баланың ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы қай пәнді оқып-үйренсе де өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан, қазақ тілі сабағындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағыттталып, ойлау қабілетімен байланыстырылғанда ғана сөйлеу үдерісінің бірлігі ұйымдастырылады.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады.

Тіл дамытудың негізгі мақсаты - тіл мен сөйлеу

үрдісін дифференциялау. Ол көп жұмысты талап етеді, өйткені оқушылардың дұрыс сөйлеуі, жазуы, өз ойларын баяндай білуі тіл дамыту сабақтарында айрықша орын алады. Сондықтан мұғалім қазақ тілі мен тіл дамытуды байланыстырып жүргізеді.

Тіл дамытудың негізгі бағыттары, мақсаты:

- мәдени-әдеби сөйлей білудің нормаларына үйрету, яғни, орфографиялық дағдыны меңгерту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру;

- лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту;

- есту, сөйлеу қабілетін дамыту;

- естіп, көріп, қабылдауын меңгерту;

- кәте берілген дыбыстарды дұрыс қою (түзету), коррекциялық жұмыстар.

- жаңа сөздер үйрету, сөз бен сөздің байланысын, сөйлем құрату, сөйлемнің құрылысын меңгерту, синтаксистік лексикадан мәлімет беру;

- оқушылардың ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазуға, сөйлей білуге үйрету.

Тіл үйретудің негізгі мақсаты-оқушылардың сөздік қорын байыту, сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Жаңа үйренген сөздер оқушылардың есінде ұзақ сақталуы үшін үнемі қайталанып, дыбыстардың дұрыс айтылуын үнемі қадағалап отырылуы тиіс. Сөздерді қайталағанда бұрын өтілген сөздер жаңа мәтінде кездескенде оқушылардың оны қалай түсінетінін, ұққанын байқап, естеріне салып, тексеріп отырған жөн.

Тіл үйретуде жазба жұмыстарын да ұйымдастыруға болады. Мысалы: бір сөз түсіріліп берілген сөйлемдерді толықтырып көшіру, жалпылама мағына беретін сөздерді ататып айтқызу немесе керісінше жалқы мағыналы сөздерді жалпы мағыналы сөздермен

байланыстырып оқыту.

Мұғалім үйреткен сөздердің оқушылардың естерінде сақталуы үшін оларды жақсы меңгертіп, күнделікті сабақта пайдалану үшін сөздерді белгілі тәртіпке келтіріп, топтап, жүйелеп отырылуы керек.

Мысалы:

- а) пісті, қайнады.
- ә) жүрді жүгірді, тоқтады.
- б) жоғалтты, іздеді, тапты.
- в) кеше, бүгін, ертең, т.б.

Сөздер өзара мағына жағынан байланысты келген жағдайда оқушыларға тіл үйрену, есте сақтау онша қиынға соқпайды. Әрі ойлау қабілетін де жақсы дамытады. Мысалы: От жанды. От өшті. Арамен аралады. Күрекпен күреді. Жазу жазды. Оқу оқыды.

Тіл сабақтарында сөзден сөйлем құраудың негізгі мақсаттарының бірі-практикалық жолмен түсіндіру. Оқушылар сөйлем құрауды практикалық жолмен үйренеді. Олар алдымен сұрақтармен танысады. Сол сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, сөйлемдер құрап үйренеді.

Алғашқыда оқушылар сөздерді өзгертпей тек бастапқы сөзге жақын сөздермен танысады. Сөйлемнің жаңа түрін өз бетінше құруды меңгерту мынадай жұмыс жолдарымен іске асырылады.

1. Сөйлемнің бір сөзі түсіріліп, оның орнына сұрақ қойып, сұрақтың орнына керекті сөзді толықтырып айту, жазу.

2. Жазбаша, ауызша сұрақ беріп, оған жауап беру.
3. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы.
4. Мәтінді оқытып, мазмұнын айтқызу.
5. Сурет бойынша сөйлем құрату, әңгіме айтқызу.

Осы жұмыс түрлері кезінде мұғалім сөйлем құрату

арқылы оқушылардың сөздердің орнын дұрыс тауып, қатесіз қолдануын қадағалап отырады.

Сонымен бірге тіл дамытудың, оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйретудің маңызы зор. Тілді меңгерту сөздерді өзара байланыстырып, жүйелі сөйлем құру дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан да оқушылар тек сөз біліп, сөйлем құрап қана қоймайды, жүйелі сөйлеуге, пікір айтуға дағдыланады. Оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйрету үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады.

1. Әңгіме, ертегі, мәтін оқытып қысқаша мазмұнын жоспар бойынша айтқызу.

2. Сурет бойынша сұрақтар арқылы шағын әңгіме құрастыру.

3. Көргендері туралы берілген сөз тіркестері арқылы әңгіме айтқызу.

Бұл жұмыстарды ұйымдастырғанда алға қоятын мақсат-оқушыларды еркін өз сөзімен әңгімелеуге, жүйелі сөйлеуге үйрету. Бірақ алғашқы кезде оқушылардың білімі аз болғандықтан жұмысты жеңілден ауырға қарай меңгерту әдістері қолданылады.

Әр сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын үш мақсаты бар екені белгілі. Бұл мақсаттар бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Сондықтан да әрбір мұғалім сабақтың осы аталған негізгі үш мақсатын ашып алмай, әрі оны іске асыратын әдіс-тәсілдермен, сабақтың түрлерін алдын ала нақтылап алмай нәтижелі, сапалы сабақ өткізуі мүмкін емес.

Г.ХАМЗИНА,
Отрядный орта мектебі.
Ақмола облысы,
Бұланды ауданы

«ХАНТАЛАПАЙ» ОЙЫНЫ

Мақсаты: білімділік-оқушылардың алған білімдерін тиянақтау, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру, ойын дамыту; дамытушылық- ауызша, жазбаша, ойлау, сөйлеу қасиеттерін дамыту; тәрбиелік-оқушылардың белсенділігін, тілге деген қызығушылығын ояту. Типі: қорытынды сабақ. Түрі: сайыс сабағы. Әдіс-тәсілдері: топпен, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: топтың аты жазылған кәртішкелер, тірек-сызбалар, асықтар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Қазақ халқының қандай ойындарын білесіңдер?
- Сіздерге қандай ойындар ұнайды?

II. Бүгінгі сабақ «Ханталапай» ойыны. Ол үшін екі топқа бөлінеміз. I топ -«Тапқыштар». Ұраны: «Тапқыр болсаң, талас жоқ!» II топ-«Шешен». Ұраны: «Не болса да шешеміз!»

1. Таныстыру.
2. Әділқазылар мүшелерімен таныстыру.
3. «Ханталапай» ойынын бізге Никита таныстырады.

Ойын шарты: кімде-кім көп асық жинаса, сол «жеңімпаз» болады. Ендеше тақтада әр түрлі (қызыл, сары, көк) асық салынған конверттер ілулі тұр. Әр конвертке 10, 20, 30, 40, 50... сандарына сәйкес тапсырмалар салынған.

- Ойынды кім бастайды? Топ басшыларын ортаға шақырайық.

Санамақ: *Алма кетті домалап,
Көше бойын жағалап.
Кім алманы табады?
Сол ойыннан шығады.*

№10 асық тапсырмасы: Әріптерден сөз құрастыру.

№10 асық тапсырмасы: Сөздің басы мен аяғын табу.

Жылыжасылүлкентазадәмдітәтті.

№10 асық тапсырмасы: Әріптерден сөз құрастыру.

№20 асық тапсырмасы: Сөйлемдерді дұрыс құрастыру.

1. *Шешеммен, мен, сабаққа, бардым.*

2. *Қызықты, Алматы, кітап, оқыды.*

Көрермендермен «Әтеш» ойыны. (Екі оқушыға бір парақ қағазға арқаларына сөз жазып, бір-біріне қарама-қарсы қойып оқыту)

№20 асық тапсырмасы:

Мына сөздерге көптік жалғау жалғандар.

Қалам, дәптер, доп, қағаз, сөмке, парта, жеміс, көкөніс.

№20 асық тапсырмасы:

Сөздердің аудармасын табындар.

Ұшақ, күн тәртібі, түсте..

№30 асық тапсырмасы:

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларын қойындар.

Мұғалім бізге ноталар.. үйретті. Ол домбыра... жақсы ойнайды. Марат домбыра үйірмесі... барады. Айгүл қобыз.. жақсы тартады.

Көрермендермен «Ұшты-ұшты» ойыны.

№30 асық тапсырмасы:

Сөз құрастыру.

Б - .

Б - .

4. Кім жаңылтпашты тез, жаңылмай айтады?

Бұл-бір піл, бұл бір-ірі піл.

№40 асық тапсырмасы: мәтінді аудару.

Қазақстан.

Біздің Отанымыз-Қазақстан.

Қазақстанның өз туы, әнұраны, елтаңбасы бар. Қазақстан Республикасының Президенті –Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақстанның жаңа астанасы - Астана.

Астана-жас қала. Қазақстан –үлкен мемлекет.

№50 асық тапсырмасы: кластер құрастыру.

Әр топтан бір оқушы қорғайды. Осымен ойын аяқталды, сіздерге көп рақмет! Қай топтың асығы көп екен? Енді әділқазылар мүшелеріне сөз беріледі.

Қ.ТЫШТЫБАЕВА,
Михайлов орта мектебі.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы

«ЖҮЛДЫЗДЫ СӘТ»

Мақсаты: оқушылардың білімін сарапқа салу, сынау арқылы өзара бәсекелестікке жетелеу, логикалық қабілетін дамыту, қиыннан мүдірмей тез шешім тауып шыға білуге үйрету.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд-шоу, роликтер.

Сайыстың барысы:

Мұғалімінің кіріспе сөзі.

-Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанды болашаққа білімді ұрпақ бастап барады», - деген сөзін алға қоя отырып, «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет»- демекші, әрбір жұлдыз өмірден лайықты өз орнын таба білуі тиіс. Ендеше, көкте жұлдыз болып жарқырауларына сәттілік тілейік.

- Құрметті оқушылар, қонақтар! Бүгінгі болғалы отырған «Жұлдызды сәт» интеллектуалды сайысымызға қош келдіңіздер! Бұл сайыстың мақсаты-қазақ тілі пәнінен алған білімдеріңнің нәтижесін көрсету, білімнің адам өміріндегі маңызы мен пайдасын білу.

Олай болса біз біліміміздің артып, санамыздың оянғанын осы жиналған қауым алдында көрсетейік.

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл бәйге, білім бәйгесі,
Кім жүйрік ойға сол алда,-
дей отырып сайысымызды бастаймыз.
Жүргізуші.

Ана тілім – желбіреген туымсың,
Ана тілім – шуақ төккен туымсың,
Тілім менің – бар байлығым, алтыным,
Ана тілім – жасыл желек нуымсың,
Ана тілдің арқасы ғой бәрі де,
Тілсіз мүлдем сөйлей алмас жас –кәрі де,
Ана тілді құрмет тұтып әрқашан
Тілімізді дамытайық әлі де.
Жүргізуші.

- Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің негізгі факторы. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Қазақ тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды. Ол енді толық мағынасында республикада білім, ғылымды, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі болып отыр. Қазіргі таңда қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Мемлекетімізде мемлекеттік тілді қадірлей отырып, барша ұлт өкілдерінің өз ана тілін кең ауқымда қолдана алуларына, оқуына, дамытуына жағдай жасалған.

Жүргізуші.

- Бүгінге дейін ата-бабамыздың арманы, тер төккен еңбегінің нәтижесі болған – Тәуелсіздік біздің – бағымыз. Мемлекеттік тәуелсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің және қазақстандықтардың рухани әл-ауқатының, өз күшіне, еркіне, қуатына сеніп, бар мақсаттарын жүзеге асыруының, Қазақстандағы ұлттық келісім мен тыныштықтың кепілі. Мемлекетіміздің өсіп-өніп, шыңға жетіп өркендеуі – баршамыздың жетістігіміз. Назарды экранға аударайық.

(ҚР тарихына байланысты ролик көрінісі)

Музыкалық үзіліс.

Ксенбай Алмас «Мен қазақ» әнін орындайды.

Жүргізуші.

- Бір көрген-біліс, екі көрген-таныс, демекші, өз білімдерін сарапқа салар сайыскерлерімізді қошеметпен ортамызға шақырайық. Бұл 4 және 10-сынып оқушылары.

Жүргізуші.

-Сайыс болғандықтан жеңіс пен жеңіліс аралас келеді. Сондықтан, құрметті сайыскерлер өз білімдеріңді дәл әрі көркем тілмен жеткізе білулеріңе тілектестік білдіреміз. Сонымен, сайысымызды әділ бағалайтын әділ-қазылар алқасымен таныстырып өтейін:

- 1.
- 2.
- 3.

Жүргізуші.

- Сайыстың кезеңдерімен таныстырып өтемін. Алғашында ойынға қатысушылар өздерін таныстырып, дайындап келген өнерлерін паш етеді. Ойынның өзі 3 бөлімнен тұрады. I бөлім «Қазақшаңыз қалай?», II бөлім «Кім жылдам», III бөлім «Туған елім – Қазақстан». Әр бөлім, әр дұрыс жауап 5 балдық жүйемен бағаланады. Бөлім соңында әділ-қазылар алқасы балдар нәтижесімен таныстырып отырады.

- Ендігі кезекте сөз сайыскерлерде.

I топ – «Жас қыран». Ұраны: Еркіндік қыраны, шарықта!

II топ – «Қанатты тұлпар». Ұраны: Биіктерге самғай бер! Шолпанға жет!

Жүргізуші.

- Ойынның негізгі кезеңдеріне көшейік.

I бөлім-«Қазақшаңыз қалай? Мақсаты: оқушының қазақ тілінде сөйлеу, өз ойын толық жеткізу мәнерлерін, сөздік қорын анықтау. Әр топқа мәтін беріледі, сол мәтіндерді оқып, аударып, мәтін бойынша сұрақтар қою керек. (3 минут уақыт беріледі).

- Сайыскерлер дайын болса, ортаға келіп өз мәтіндерін айтып берсін.

4-сынып оқушыларына.

1-топ – «Қыс».

Қыс түсті. Күн суытты. Даланы ақ қар басты. Балалар көк мұз үстінде коньки теуіп жүр. Кішкентай бір бала шаанамен сырғанап барады. Екі бала шаңғы теуіп жүр.

2-тапсырма. Мюнстенберг әдістемесі.

Вншағашшедышыршанемоедарынжаотанымдплпкок уогшнәтижелдпжыл

(ағаш, шырша, дарын, отан, оқу, нәтиже, жел, жыл)

2-топ – «Дана мен Наташа».

Дана мен Наташа бір мектепте оқиды. Олар – төртінші сынып оқушылары. Дана өте ақылды, зерек, тәрбиелі қыз. Наташа да сабақты жақсы оқиды. Олар бір үйде тұрады: Дана – екінші қабатта, Наташа – бесінші қабатта. Сабақтарын бірге оқиды.

2-тапсырма. Мюнстенберг әдістемесі

Вншағашшедышыршанемоедарынжаотанымдплпкок уогшнәтижелдпжыл

(ағаш, шырша, дарын, отан, оқу, нәтиже, жел, жыл)

10-сынып оқушыларына.

1 топ. 1-тапсырма.

Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазып, синтаксистік талдау жасаңыздар.

1. Айжан, бара жатты, Мәрия, мен, фермаға.

2. Олардың, ұша жөнелді, бір, үйрек алдынан.

3. Ұшқан, жерге, олар, үйрек, келді.

2-тапсырма:

Б, Ұ, Ж, М, Б, А, Қ осы әріптерден сөз құра.

Жұмбақ, жұм, бақ, бұқ, жұқ, ақ, бақа, жұма, бұқа

2-топ. 1-тапсырма:

Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазып, синтаксистік талдауын жасаңыздар.

1. Ұяда, жатыр, жері, жұмыртқа.

2. Олар, алмады, жұмыртқаны.

3. Қыздар, үйрек, кеткенде, ұяға, келді, ұшып.

2-тапсырма:

«Әдептілік» сөзінен сөз құра: әдеп, тіл, тілек, тіле, тілік, епті, ілік,

Оқушылар тапсырмаларды орындап болғанша -музыкалық үзіліс.

6-сынып оқушылары «Тамаша» биін билейді.

Әділ-қазылар бағасын береді.

II бөлім-«Кім жылдам?». Мақсаты: оқушылардың қазақ тілі сабақтарында алған білімдерін тексеру, қойылған сұрақтарға бірінші болып жауап беру керек. Экранға назар аударайық.

4-сынып оқушыларына сұрақтар:

1. Жыл мезгілдерін атаңдар?
 2. Бір аптада неше күн бар?
 3. Сенде қандай оқу құралдары бар?
 4. Бүгін неше сабақ болады?
 5. Сыныпта не бар?
 6. Сабақ сағат нешеде басталады?
 7. Қазақ тілінде неше әріп бар?
 8. Қазақ тілінде неше дыбыс бар?
 9. Сенің ұлтың қандай?
 10. Сенің ана тілің қандай?
 11. Сабақта сендер не істейсіңдер?
 12. Жуан дауыстыларды ата.
 13. Жіңішке дауыстыларды ата.
- Тест сұрақтар /слайд/
- 10-сынып оқушыларына сұрақ:
1. Ұлттық музыкалық аспап (домбыра)
 2. Республика күні (25-қазан)
 3. Абай қанша нәрсеге асық болуды нұсқайды? Олар қайсылар? (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
 4. Асар дегеніміз не? (көмек)
 5. Қазақтың атақты кино әртісі кім? (Шәкен Айманов)
 6. Үш би (Төле би, Қазбек би, Әйтеке би)
 7. Біз қай ғасырда өмір сүріп жатырмыз? (XXI)
 8. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз? (Арал теңізі)
 9. Үш жүздің басын қосқан хан? (Абылай хан)
 10. Тіл туралы заң қашан шықты? (1989 ж.)
- Екінші топқа қойылатын сұрақтар:
1. Республиканың рәміздері (Ту, Елтаңба, Әнұран)
 2. Қазақстан шекарасы қанша шақырым? (15 мың шақырым)
 3. «Қазақстан-2030» стратегиясының авторы (Н.Назарбаев)
 4. Тұңғыш қазақ ғарышкері (Т.Әубәкіров)
 5. Абай қанша нәрседен қашық болуды нұсқайды? Олар қайсылар? (өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпақ)
 6. Қобызда ойнаған күйші (Қорқыт)
 7. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)

8. Мемлекеттік туды белгіленген құс (бүркіт, қыран)
9. Оқушы сөзінің синонимі (шәкірт)
10. Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялаған жыл (1991 ж.)

- Әділ-қазылар, бағасын беріңіздер.

ІІІ бөлім-«Туған елім-Қазақстан».

- Оқушылар өз мемлекеті, астанасы жайлы мәліметтерді, өлеңдерді дайындап алып келді. Топтарға сөз берейік. Осы сайыста ата-аналардан көмегі де болады.

І топ – «Жас қыран». Қазақстан туралы мәтін. «Туған жер» өлеңі.

ІІ топ – «Қанатты тұлпар». Астана туралы мәтін. «Астана» өлеңі.

- Әділ-қазылар бағасын беріңіздер.

- Сайысқа қатысқан оқушылардың барлығын ортаға шақырайық. Сөз кезегі әділ-қазылар алқасына беріледі. (марапаттау).

Жүргізуші.

- Сонымен, қадірлі қонақтар, оқушылар, ұстаздар, сайысымыздың жеңімпазы анықталды. Тіл – ұлттық қазынамыз, байлығымыз. Сондықтан оны қадірлеп атадан-балаға жеткізу-біздің міндетіміз.

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Білдім деме, балам,

Білмейітінің көп шығар.

Бәрін білген адам,

Дүниеде жоқ шығар.

Көп білуге ұмтылған,

Көз жұмғанша оқиды.

Көз жұмғанша оқыған,

Көп нәрсені тоқиды,- деп Өтебай Тұрманжанов ағамыз жырлағандай оқып, білім алудан ешқашан жалықпайық!

«Аяулы мектебім» әні орындалады.

А.КАДРУШЕВА,
Ұзынкөл ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы

АЛТЫН ҚАҚПА

Мақсаты: оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, шығармашылыққа баулу, топпен жұмыс істеуге үйрету, тіл байлығын дамыту; ортада өзін еркін ұстауға баулу, оқып-білуге ынталандыру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; адамгершілікке, тілді құрметтеуге, салт-дәстүрін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: төсбелгі, мақал-мәтелдер.

Әдісі: білімді жүйелеу, жинақтау.

Түрі: сайыс сабақ.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен амандасу;
2. Топқа бөліп отырғызу;
3. Төсбелгі тағу.

II. Тақырыпты ашу.

Мұғалім. *Кел, балалар, оқылық!*

Оқығанды көңілге,

Бқыласпен тоқылық,

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

деп Ыбырай атамыз айтқандай білімдеріңді жинақтап, пысықтауға арналған сайысымызды бастаймыз.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар! Бүгінгі «Алтын қақпа» атты сыныптан тыс сайыс сабағымызға қош келдіңіздер! Сайысымызды бастамас бұрын қазылық ететін алқа мүшелерімен таныс болайық.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:
Кадрuşева Гүлсара Мизамқызы

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:
Шайжанова Анара Асанқызы

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Жүнісова
Жайнагүл Мұратжанқызы.

Ұпай бағасы I, II, III, VI кезеңде.

Ең төмен баға – 5 ұпай.

Ең жоғары баға – 10 ұпай.

Сайысымыз 4 кезеңнен тұрады.

I кезең-«Тас қақпа».

II кезең-«Күміс қақпа».

III кезең-«Алтын қақпа».

IV кезең-«Алтын сандық».

«Алтын қақпа»

Ойын шарты: оқушыларға жалпылама сұрақтар беру арқылы үш топ жинау, оларға «Білім», «Ғылым», «Қазына» деген аттар қойылады.

Топ 3 адамнан болады. Топтың сұрақтары конвертке салынады. Ұпай санын көп жинаған топ «Алтын сандықтың» тапсырмасын орындайды. Оған жауап берген топ жеңіске жетеді.

I кезең: «Тас қақпа».

4 сұрақтан қойылады.

I топ. 1. «А» дыбысын сипатта.

2. ҚР рәміздерін атаңдар.

(Ту, Елтаңба, Әнұран).

3. Қазақ тілінде қанша әріп бар? (42)

4. *Қалам* сөзіне фонетикалық талдау.

II топ. 1. «Ә» дыбысын сипатта.

2. ҚР Президенті кім? (Н.Ә.Назарбаев).

3. Қазақ тілінде қанша септік бар? (7)

4. *Әтеу* сөзіне фонетикалық талдау.

- III топ. 1. «Ы» дыбысын сипатта.
2. Абай Құнанбайұлы кім? (ұлы ақын).
3. Қазақ тілінде қанша жалғау бар? (4)
4. *Кітап* сөзіне фонетикалық талдау.

II кезең: «Күміс қақпа».

Әр топқа 3 сұрақтан қойылады.

- I топ. 1. *Тақ* сөзін септеп жаз.
2. Қазақтың ұлттық тағамдарын ата.
3. Бір жылда неше мезгіл бар? (4)
- II топ. 1. *Доп* сөзін жекеше түрде тәуелде.
2. Қазақтың ұлттық киімдерін атаңдар?
3. Бір жылда неше ай бар? (12)
- III топ. 1. *Қазақ* сөзін жекеше түрде жікте.
2. Киіз үй неден тұрады? (уық, кереге, шаңырақ, есік)
3. Күз айларын атаңдар?

III кезең: «Алтын қақпа».

Әр топқа 2 сұрақтан қойылады.

Мақал-мәтелдің жалғасын тап. (Тақтаға іліп қоямын)

- I топ. 1. Отан – оттан да (ыстық)
2. Жүз сом ақшаң болғанша
(Жүз досың болсың)
- II топ. 1. Көп сөз – көмір (аз сөз – алтын).
2. Ормансыз – бұлбұл (Отансыз адам)
- III топ. 1. Отан – Отбасынан (басталады)
2. Өзіңе қарай (дос ізде)

IV кезең: «Алтын сандық». «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбына шағын шығарма.

Қорыту. Жеңімпаздарды әділқазылар шешеді. Марапаттайды.

Мұғалім мінбері

Г.САЛИКОВА,
№8 орта мектебі,
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

ӘЛЕМ ӨЗГЕРУІМЕН БІЛІМ ДЕ, ҒЫЛЫМ ДА, БІЗ ДЕ ӨЗГЕРЕМІЗ

Бала кезімнен осы №8 мектебімде 1-сыныптан бастап 10-сыныпқа дейін оқып білім алдым. Осы мектептен өмірге жолдама алып шет тіліне қызығушылығымды арттыра отырып Ш.Уәлиханов атындағы институттан неміс тілі мамандығын игеріп шықтым. Дипломымды қолға алып, өзімнің алтын ұя мектебіме оралдым. Неміс тілі пәнін оқыта жүріп кейінеліміз тәуелсіздік алып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы ана тілі екенін жақсы түсіндім де, 2000 жылы Ш.Уәлиханов атындағы институттың қазақ тілі және әдебиеті факультетіне түстім. Қадыр Мырза Әлі ағамыз жырлағандай:

«Ана тілің - арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!»,-

демекші қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын иелендім. Сол сәттен мемлекеттік тілге деген оқушылардың құштарлығын арттырып, қазақ

тілін үйретуді алдыма мақсат қойдым. Сабақта жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатында қалыптасырушы бағалауды өз сабағымда тиімді қолдану. Қазіргі уақытта орта буында қазақ тілі пәнін оқыта жүріп алдыма қойған мақсаттарымды жүзеге асырудамын. Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау керек екендігін паш етті. Бүгінге дейін менің оқытудағы мақсатым оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болса, енді бүгінгі күнде неліктен мақсатым өзгерді деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның себебі өз мектебімде, яғни, №8 орта мектебінде Айгүл Бексұлтанованың басшылығымен өзгеріс енгізіп жатқан коучингта, көрсетіліп жатқан ашық сабақтар менің тәжірибеме өз әсерін тигізді. Қазіргі күні менің ұсынысым бойынша әлемдегі білім жүйесіндегі болып жатқан өзгерістерден тыс қалмайтын деген оймен Әсия Джамбуловнаның тәлім алушы болып жүрмін. Сол себептен менің жұмысымда ұстанымым өзгерді.

Оқушыларды оқытуды және оқушылардың білімін жақсарту үшін қалыптастырушы бағалаудың тиімді әсері көп деп айтқым келеді. Сабағымда бағалау түрлерін өзгертудемін, яғни, сабағымның тақырыбына байланысты дискриптор құрастырамын. Осы дискриптор орта буындағы 6-7-сыныптарында қолданамын.

Менің байқауым бойынша оқушылар жұпта, топта жұмысты белсенді қатысып орындайды. Бір-бірін бағалауда қызығып әділ бағалауға тырысады. Талпынғандар ғана білім ала біледі. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет,

сондықтан оқушылар өзінің білімін жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс орындау қажет. Бұндай жұмыс түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен жұмыс істеуді қажет етеді. Тағы бір жағымды жағы туралы айтуға болады, егер осыған дейін төмен оқитын оқушыларымының білімге құштарлығы болмаса, қазір топта жұмыс істеу барысында белсенді қатысып сыныптастарымен қызыға оқиды, өз ойларын жеткізе алады.

Нәтижеге келетін болсақ I мен II тоқсанның білім сапасын салыстырсақ 7 «б» сыныбында-60%-дан 70% пайызға дейін көтерілді. 6 «а» сыныбында білім сапасы-48%-дан 60% пайызға дейін артты деп айтсақ артық болмас.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып бірнеше ашық сабақ өткіздім. Осы жұмыс түрін жалғыз өзім ғана емес, бірнеше әріптестерім топ құрып қазір іс-тәжірибемізде зерттеу жүргізіп жатырмыз. Болашақта LESSON STUDY сабақтарын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Осы жұмыс мені мұғалім ғана емес, сонымен қатар көшбасшы ретінде өзімді сезінемін. Оқушылардың бойында көшбасшының қасиеттерін дамыту үшін, ең алдымен, мұғалім өзі көшбасшы бола білу керек. Әрине, жұмысымда әр түрлі мәселелермен кездесуіме тура келіп жүр. Бірақ мен өз әріптестеріммен бірлесе отырып осы мәселелерді шешуге тырысып жүрмін. Егер біз «мұғалімдер» бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алмасақ әлемдегі болып жатқан өзгерістен тыс қаламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, құрметті әріптестер, бірлесе жұмыс істейік.

В.СҰЛТАНҚЫЗЫ,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 7-СЫНЫПҚА **АРНАЛҒАН МОДУЛЬДІК ТЕСТ** **СҰРАҚТАРЫ**

(Жалғасы. Басы өткен санда)

VII. Менің әуес ісім.

II нұсқа.

1. Мақалды аяқта. Отансыз адам -

- а) ормансыз бұлбұл; ә) білім жұғысады;
- б) білім бұлағы; в) достың көңілі; г) білетін ғылым.

2. Сөйлемді аяқта. Кітап...

- а) көп ақылдың құйылған көлі. ә) анасының баласы.
- б) суретшінің ісі. в) әдемі қыз. г) мезгілі келді.

3. Қазақ тілінде неше септік бар?

- а) 9;
- ә) 6;
- б) 8;
- в) 7;
- г) 5.

4. Дұрыс құрылған сөйлемді көрсет.

- а) Кітап - құйылған көлі ақылдың көп.
- ә) Ақылдың көп кітап - құйылған көлі.

- б) Құйылған көлі ақылдың көп кітап.
- в) Көлі ақылдың кітап - көп құйылған.
- г) Кітап - көп ақылдың құйылған көлі.

5. Жатыс септігінде тұрған сөздерді көрсет.

- а) кітапқа, білімге, суретке; ә) кітаппен, біліммен, суретпен; б) кітапта, білімде, суретте;
- в) кітаптан, білімнен, суреттен; г) кітаптың, білімнің, суреттің.

6. «Кітап қарым-қатынастың, еңбектің, күрестің күдіретті құралы» кімнің сөзі?

- а) Н.Крупская;
- ә) Цицерон;
- б) Абай;
- в) М.Жұмабаев;
- г) Н.Назарбаев.

7. Жұмбақты шеш.

Борда бар, құйында жоқ.

Орыста бар, қазақта жоқ, бұл қай әріп?

- а) «О» әрпі;
- ә) «К» әрпі;
- б) «І» әрпі;
- в) «Р» әрпі;
- г) «Ө» әрпі.

8. «Дамыған елдер» сөз тіркесінің аудармасын тап:

- а) особое произведение;
- ә) летопись истории;
- б) авторское право;
- в) социальные условия;
- г) развитые страны.

9. Сөйлемді аяқтау.

Фотоға түсіру - өнердің...

- а) қызығатын ойы;

- ә) ойнайтын тарауы;
- б) бір түрі;
- в) демалатын сәті;
- г) арманның уақыты.

10. Фото, сурет қай септікте тұрған сөздер?

- а) Атау септікте;
- ә) Барыс септікте;
- б) Табыс септікте;
- в) Шатыс септікте;
- г) Көмектес септікте.

11. Тоқтар Әубәкіров кім?

- а) суретші;
- ә) ғарышкер;
- б) әнші;
- в) биші;
- г) тоқымашы.

12. Дұрыс құралған сөйлемді көрсет: а) Менің ән айту-әуес ісім; ә) Ән айту-ісім әуес; б) Әуес менің ән -ісім айту;

- в) Менің айту -ісім әуес ән;
- г) Менің әуес ісім -ән айту.

13. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып

жаз:

Ш ...ғылдану, денсаулы..., та...ам

- а) ә, ғ, р;
- ә) і, а, ү, ө;
- б) ұ, қ, ғ;
- в) і, а, ы, е;
- г) е, і, ә, о.

11. Менің әуес ісім - ән айту. Сөйлем кім туралы?

- а) әнші;
- ә) биші;
- б) аспазшы;

- в) кітапханашы;
- г) өнерпазшы.

15. Кімнен? неден? қайдан? қай септіктің сұрақтары?

- а) Барыс септік;
- ә) Шығыс септік;
- б) Атау септік;
- в) Жатыс септік;
- г) Ілік септік.

16. Мақалдың орыс тіліндегі баламасын тап:

«Күшіңе сенбе, ісіңе сен.»

а) Джигиту знать семь ремесел мало, знать семь десять ремесел -немного.

ә) Не насилу надейся, а на мастерство.

б) У умельца десять рук.

в) Настоящий умелец по песку проводит корабль.

г) Ремеслом сапожника овладеет настойчивый.

17. Кімде? неде? қайда? қай септіктің сұрақтары?

- а) Барыс септік;
- ә) Шығыс септік;
- б) Атау септік;
- в) Жатыс септік;
- г) Ілік септік.

18. Төменде берілген тұлғалардың қайысысы күйші?

- а) Роза Рымбаева;
- ә) Роза Бағыланова;
- б) Дина Нұрпейісова;
- в) Бибігүл Төлегенова;
- г) Нағима Ескалиева.

19. Төмендегілердің қайсысы ас үйдің затына жатады?

- а) ине, қайшы, мата;
- ә) табақ, пышақ, еттартқыш;
- б) дәптер, қалам, өшіргіш;
- в) еттартқыш, сукұйқыш, шелек;
- г) күн, түн, жыл, ай.

20. Қай қатарды әуес іске жатқыза аламыз?

- а) көру;
- ә) жуыну;
- б) ұйықтау;
- в) би билеу;
- г) жазу.

VIII. Спорт. Қазақстанның белгілі спортшылары.

I нұсқа

1. Тейквондо алғаш рет қай жылы қайда өткен Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына енгізілді?

- а) 2014 жылы Астана қаласы;
- ә) 2004 жылы Корей елінде;
- б) 2000 жылы Сиднейде;
- в) 1980 жылы Мәскеуде;
- г) 1985 жылы Алматы қаласында.

2. Мақалдың аудармасын тап. «Түсіне сенбе, күшіне сен»

- а) Побеждает не тот, кто силится, а тот, кто силен.
- ә) Против силы найдется еще большая сила.
- б) Нас он не надейся, насилу свою надейся.
- в) Не на силу надейся, а на мастерство.
- г) Настоящий умелец по песку проводит корабль.

3. Тіркесті сөздер дегеніміз не?

- а) Екі не одан көп сөздер тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер.
- ә) Заттың саналу ретін білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді.

б) Қимыл, іс-әрекеттің орындаушысы біреу емес, бірнешеу болып, -ыс,-іс,-с жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрі.

в) Ғылым, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдарды айтамыз.

г) Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, өздігінен істелетіндігі көрініп, -ыл,-іл,-л, түбірдің ішінде л дыбысы болса,-ын,-ін,-н жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі.

4. Қ.Нұрмаханов кім?

- а) жүйрік;
- ә) палуан;
- б) боксшы;
- в) шахматшы;
- г) велосипедші.

5. О.Шишигина кім?

- а) желаяқ;
- ә) палуан;
- б) боксшы;
- в) шахматшы;
- г) велосипедші.

6. Сөйлемді аяқтау. Қазақстандықтар 2000 жылы Австралияның Сидней қаласында өткен Олимпиадада тағы бір саты жоғарылап,

а) желден жүйрік желаяқтар Ғ.Қосанов, Қ.Тұяқов, боксшы Қ.Нұрмаханов, палуан Қ.Айханов есімдері дүркіреп тұрды.

ә) Қазақтар арасында тұңғыш рет Ж.Үшкемпіров Олимпиада чемпионы болса, ал боксшы С.Қонақбаев күміс медальды жеңіп алды.

б) Гимнастшылар Н.Ким мен еркін жаттығуларда үштік сальтоны әлемге танытты.

в) боксшылар Б.Саттарханов, Е.Ибраимов, желаяқ

О.Шишигина чемпион болса, боксшы М.Ділдәбеков күміс медальды иеленді.

г) 1996 жылы Атланта қаласында болған Олимпиадада жеңген палуандар.

7. Шахмат қайда пайда болған?

- а) Ежелгі Шығыста;
- ә) Ежелгі Қытайда;
- б) Үндістанда;
- в) Өзбекстанда;
- г) Қырғызстанда.

8. Нешінші ғасырдан бастап шахмат ойыны бойынша халықаралық жарыстар өткізіле бастаған?

- а) XI ғасыр;
- ә) XV ғасыр;
- б) XII ғасыр;
- в) X ғасыр;
- г) XIX ғасыр.

9. Футболдың әр командасында қанша ойыншыдан болады?

- а) 10 ойыншы;
- ә) 12 ойыншы;
- б) 15 ойыншы;
- в) 9 ойыншы;
- г) 11 ойыншы

10. «Шахмат» сөзіндегі «шах» сөзінің мағынасын табындар:

- а) уәзір;
- ә) хан;
- б) әскер;
- в) ат;
- г) тақ.

11. Тейквондоның Дүниежүзілік федерациясы

қай елде орналасқан?

- а) Солтүстік Кореяда;
- ә) Оңтүстік Кореяда;
- б) Қытайда;
- в) Жапонияда;
- г) Қазақстанда.

12. Спорттық ойындар нені қажет етеді?

- а) күлгіштікті, сұлулықты, әсемпаздықты;
- ә) шапшандықты, өнерпаздықты, сұлулықты;
- б) шапшандықты, төзімділікті, шыдамдылықты;
- в) шешендікті, әртістікті, шыдамдылықты;
- г) шыдамдылықты, күлгіштікті, сұлулықты.

13. Футбол ойынының Отаны қай ел?

- а) Америка;
- ә) Австралия;
- б) Болгария;
- в) Испания;
- г) Англия.

14. Реттік сан есімді көрсетіңіз?

- а) біріншіден, екіншіден, үшіншіден;
- ә) екіден бір, үш бүтін алтыдан он, алты бүтін оннан бес;
- б) біреу, үшеу, бесеу;
- в) бірінші, екінші, бесінші;
- г) екіден, бестен, он төрттен.

15. Сан есімнің түрлерін көрсетіңіз?

- а) сұраулық, күшейткіш, белгісіздік, болымсыздық;
- ә) сілтеу, жалпылау, жинақтық;
- б) мақсат, күшейткіш, мөлшер;
- в) болымсыздық, белгісіздік, жалпылау, өздік;
- г) есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық, бөлшектік.

16. Күрделі сан есімді табыңыз:

- а) мыңдап;
- ә) елулерде;
- б) жүз;
- в) екеу;
- г) екі бүтін оннан үш.

17. «-ншы» жұрнағы жалғанатын сан есімді көрсетіңіз:

- а) екі;
- ә) он сегіз;
- б) жиырма алты;
- в) он;
- г) мың.

18. Сөйлемді толықтырыңыз. Футбол ойыны қақпасына допты соғуды, сонымен бірге өз қақпаларына доп өткізбеуді көздейді.

- а) ойыншыларды, шайбаны;
- ә) қарсыластарының, көбірек;
- б) қақпасына, көбірек;
- в) қорғаушылары, көмектеседі;
- г) ойыншыларға, кездеуі.

19. Атақты палуандарды көрсетіңіз:

- а) Біржан, Ақан, Сәкен;
- ә) Мұхтар, Асан, Өтеген;
- б) Махамбет, Исатай, Сырым;
- в) Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар;
- г) Сәттемір, Қайрат, Мұрат.

20. Қазақ күресі -

- а) ұлттық спорт түрі;
- ә) спорт тәсілі;
- б) балалар ойыны;
- в) хобби.
- г) арқан тарту ойыны.

XIII. Спорт. Қазақстанның белгілі спортшылары.

II нұсқа.

1. Сан есімнің түрлерін көрсетіңіз?

- а) сұраулық, күшейткіш, белгісіздік, болымсыздық;
- ә) есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық, бөлшектік;
- б) мақсат, күшейткіш, мөлшер;
- в) болымсыздық, белгісіздік, жалпылау, өздік;
- г) сілтеу, жалпылау, жинақтық.

2. Футболдың әр командасында қанша ойыншыдан болады?

- а) 10 ойыншы;
- ә) 11 ойыншы;
- б) 15 ойыншы;
- в) 9 ойыншы;
- г) 21 ойыншы.

3. Сөйлемді аяқтандар. Қазақстан -

- а) ...Ұлттық олимпиадалық комитет құрылды.
- ә).... ежелден спорттық дәстүрі бар ел.
- б)... боксшылар Б.Саттарханов, Е.Ибраимов, желаяк О.Шишигина чемпион болды.
- в).... палуан Ю.Мельниченко, боксшы В.Жиров чемпион атағын алды.
- г) ...футбол отаны.

4. Спорттық ойындар нені қажет етеді?

- а) күлгіштікті, сұлулықты, әсемпаздықты;
- ә) шапшандықты, өнерпаздықты, сұлулықты;
- б) шапшандықты, төзімділікті, шыдамдылықты;
- в) шешендікті, әртістікті, шыдамдылықты;
- г) шыдамдылықты, күлгіштікті, сұлулықты.

5. Жыл мезгілін көрсетіңіз:

- а) наурыз;
- ә) дүйсенбі;

- б) бүгін;
- в) күз;
- г) кеше.

6. Шахмат ойынан әлем чемпиондарын көрсетіңіз:

- а) Ю.Мельниченко, В.Жиров;
- ә) Б.Саттарханов, Е.Ибраимов, О.Шишигина;
- б) Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар;
- в) А.Алехин, Т.Петросян, А.Карпов, Г.Каспаров.
- г) Т.Рахматуллин, А.Макаренко, Е.Картонов.

7. Қ.Нұрмаханов кім?

- а) жүйрік;
- ә) палуан;
- б) боксшы;
- в) шахматшы;
- г) велосипедші.

8. Сан есімнің сөйлемде атқаратын негізгі қызметі не?

- а) бастауыш;
- ә) баяндауыш;
- б) толықтауыш;
- в) анықтауыш;
- г) пысықтауыш.

9. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз.

- а) Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын төрт нәрсе бар. ә) Досының үйіне Ұлжан отыз шақты кісімен келді.
- б) Арада жыл жарым өтті.
- в) Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді.
- г) Мен 7-сыныпта оқимын.

10. Салауатты өмір сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз:

- а) духовный; ә) гармония; б) красота;
- в) здоровый образ жизни;
- г) красивый жизнь.

11. Дұрыс құралған сөйлемді көрсетіңіз:

- а) Волейбол спорт ойыны таза болу керек, кешендері үшін залы спорт.
- ә) Волейбол кешендері үшін залы, спорт спорт ойыны таза болу керек.
- б) Волейбол кешендері залы спорт, үшін спорт ойыны таза болу керек.
- в) Волейбол спорт үшін спорт ойыны, таза болу керек кешендері залы.
- г) Волейбол ойыны үшін спорт залы, спорт кешендері таза болу керек.

12. О.Шишигина кім?

- а) желаяқ;
- ә) палуан;
- б) боксшы;
- в) шахматшы;
- г) велосипедші.

13. «Шахмат» сөзіндегі «шах» сөзінің мағынасын табындар.

- а) уәзір;
- ә) хан;
- б) әскер;
- в) ат;
- г) тақ.

14. Шахмат Үндістанда нешінші ғасырдан бастап ойнала бастаған?

- а) 6 ғасырдан бастап;
- ә) 10 ғасырдан бастап;
- б) 11 ғасырдан бастап;
- в) 12 ғасырдан бастап;

г) 13 ғасырдан бастап.

15. Сөйлемді аяқтаңыз. Орыс эпостарындағы Илья Муромец, Добрыня Никитич, Алеша Попович батыр әрі

а) халықаралық жарыстар чемпиондардың турнирлері өткізілді.

ә) ерте кезден қалыптасқан ойыншылар.

б) ұлттық күрес түрлерінің чемпиондары.

в) шахматты шебер ойнаушы ретінде суреттелген.

г) халықаралық жарыстарды ұйымдастырушылар.

16. Реттік сан есім жұрнағын табыңыздар:

а) -ншы, -нші;

ә) -мын, -мін;

б) -сың, -сің;

в) -ау, -еу;

г) -дан, -ден.

17. Спорт дүкенінде не сатылады?

а) тон;

ә) ойыншық;

б) доп;

в) қалам;

г) қияр.

18. Серік Қонақбаев деген кім?

а) гимнасшы;

ә) шахматшы;

б) волейболист;

в) боксшы;

г) жүргізуші.

19. «-ншы» жұрнағы жалғанатын сан есімді көрсетіңіз:

а) екі;

ә) он сегіз;

б) жиырма алты;

в) он;

г) мың.

20. Нешінші ғасырдан бастап шахмат ойыны бойынша халықаралық жарыстар өткізіле бастаған?

а) XI ғасыр;

ә) XV ғасыр;

б) XII ғасыр;

в) X ғасыр;

г) XIX ғасыр.

Н.АРЫНОВА,
№4 орта мектеп.
Павлодар облысы,
Ақсу қаласы

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

(3-сынып)

I. Әлеуметтік – тұрмыстық ая.

I модуль. Мен және менің отбасым.

1. «Балабақша» сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) детский ясли; С) детский дом;
В) дети; Д) детский сад.

**2. Сөйлемнің аудармасын табыңыз. Мама
работает в столовой.**

- А) Анам жұмыста;
В) Анам асханда отыр.
С) Анам асханада жұмыс істейді.
Д) Анам дәріханаға барады.

**3. Отбасы тақырыбына жатпайтын сөзді
табыңыз:**

- А) ата; В) үй; С) ана; Д) аға.

4. Тігіп отыр сөзтіркесінің аудармасын табыңыз:

- А) читает; В) пишет; С) шьет; Д) играет.

5. Жуан буынды сөздерді табыңыз.

- А) аға, қарындас, ата; С) шеше, отбасы, ана;
В) әже, апа, әке; Д) әпке, сінді, іні.

6. Дұрыс жазылған сөйлемді табыңыз.

- А) Жұмыста әкем мен анам.
В) Әкем мен анам жұмыста.
С) Әкем жұмыста мен анам.
Д) Әкем жұмыста анаммен.

7. «Сенің атың кім?» сұрағына дұрыс жауап

табыңыз:

- А) Сенің атың Аслан.
В) Оның фамилиясы Абенов.
С) олар оқушылар.
Д) Менің атым Саша.

8. «Аға» сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) папа; В) брат; С) сестра; Д) бабушка.

9. Дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) отбасі; В) отбәсі; С) отбәсы; Д) отбасы.

**10. Ойнап отыр сөз тіркесінің аудармасын
табыңыз.**

- А) читает; В) играет; С) шьет; Д) смотрит.

II модуль. Мен бөлмемді жинаймын.

1. Демалыс бөлме тіркесінің аудармасын табыңыз.

- А) гостиная; В) спальня;
С) комната отдыха; Д) детская комната.

2. Жіңішке буынды сөзді табыңыз:

- А) жарық; В) пәтер;
С) таза; Д) асхана.

3. Дұрыс жалғанған жалғауды табыңыз.

- А) бөлмепен; В) бөлмебен;
С) бөлмемен; Д) бөлмеке.

4. Бөлме затын табыңыз:

- А) кілем; В) парта;
С) қалам; Д) тақта.

5. Қайда? сұрағына жауап беретін сөзді табыңыз.

- А) үстелім; В) үстелді;
С) үстелі; Д) үстелде.

6. Дұрыс жазылған сөйлемді табыңыз:

- А) Еденде әдемі кілем жатыр;
В) Кілем әдемі жатыр еденде;
С) Әдемі кілем жатыр еденде;
Д) Жатыр еденде кілем әдемі.

7. Сүртемін сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) убираю;

- В) поливаю;
- С) мою;
- Д) вытираю.

8. Жуан буынды сөзді табыңыз:

- А) құямын;
- В) шүберек;
- С) сүрту;
- Д) керек.

9. Жұмбақтың шешуін табыңыз:

Ол жұмса көзін,
Ұйықтаймын өзім.

- А) терезе;
- В) бөлме;
- С) шам;
- Д) диван.

10. «Пыль» сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) шаңғы;
- В) шаң;
- С) күнде;
- Д) шам.

III модуль. Сағат қанша?

1. Бір сағатта неше минут барын табыңыз.

- А) 30; В) 45; С) 60; Д) 90.

2. Бір тәулікте неше сағат барын табыңыз.

- А) 20; В) 24; С) 22; Д) 12.

3. Бір жылда неше ай барын табыңыз.

- А) 10; В) 8; С) 12; Д) 11.

4. Наручные часы сөзтіркесінің аудармасын табыңыз.

- А) қол сағат;
- В) қалта сағат;
- С) қабырға сағаты;
- Д) үстел сағат.

5. Сөйлемді аяқтаңыз. «Бір аптада ...»

- А) 5 күн; В) 8 күн; С) 2 күн; Д) 7 күн.

6. Бір айда неше апта барын табыңыз:

- А) 3; В) 5; С) 7; Д) 4.

7. Бір минутта неше секунд барын табыңыз:

- А) 60; В) 35; С) 20; Д) 65.

8. Бір жылда неше күн барын табыңыз:

- А) 350; В) 300; С) 365; Д) 345.

9. Бір айда неше күн барын табыңыз:

- А) 25; В) 26; С) 32; Д) 31.

10. Қайырлы күн! сөзтіркесінің аудармасын табыңыз.

- А) Здравствуйте! С) Добрый день!
- В) Добрый день! Д) Доброе утро!

IV модуль. Мен азық түлік дүкеніне барамын.

1. Сүт тағамын табыңыз:

- А) нан; В) кәмпит; С) айран; Д) алма.

2. Мақалды толықтырыңыз. «Ас атасы – ...»

- А) алмұрт; В) тамақ; С) ақша; Д) нан.

3. «Сусындар» сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) овощ; В) напиток;
- С) капуста; Д) пицца.

4. Нан тағамдарын табыңыз:

- А) тоқаш, бауырсақ;
- В) сүт, айран;
- С) шұжық, май;
- Д) құрт, жүзім.

5. Жұмбақтың жауабын табыңыз:

«Қар емес – қатты.
Мұз емес – тәтті».

- А) май;
- В) қарбыз;
- С) дүкен;
- Д) қант.

6. Жемістерді табыңыз:

- А) сүт, нан;
- В) алмұрт, шабдалы;
- С) сәбіз, қияр;
- Д) шай, ірімшік.

7. Дәмді сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) фрукты; В) полезный;
- С) сладкий; Д) вкусный.

8. Азық-түлік дүкенінде не сатылатынын табыңыз:

- А) тағамдар; В) киімдер;
- С) дәптерлер; Д) бояулар.

9. Үш буынды сөзді табыңыз:

- А) дүкен; В) ет;
- С) жүзім; Д) ірімшік.

10. Қатаң дауыссызы бар сөзді табыңыз:

- А) алма; В) көктем;
- С) бала; Д) ай.

II. Әлеуметтік – мәдени ая.

I модуль. Қазақстан картасы. Кел, ойнайық!

1. Қазақстанның астанасын табыңыз:

- А) Атырау; В) Астана;
- С) Павлодар; Д) Алматы.

2. Мұражай сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) столица; В) парк;
- С) музей; Д) гостиница.

3. Қазақстанда неше облыс барын табыңыз:

- А) 11; В) 13;
- С) 16; Д) 14.

4. Қазақстанның қай қаласында метро барын табыңыз:

- А) Алматыда; В) Ақтауда;
- С) Астанада; Д) Көкшетауда.

5. Таудың атауын табыңыз:

- А) Ертіс; В) Балқаш;
- С) Алтай; Д) Сырдария.

6. Жұмбақтың шешуін табыңыз:

Қағаз қарбыз бетіне
Жердің жүзі сыйып тұр.

- А) тау; В) глобус;
- С) арал; Д) көл.

7. Қазақстанда неше теңіз барын табыңыз:

- А) 4; В) 3;
- С) 2; Д) 1.

8. Мақалдың жалғасын табыңыз. Жері байдың – елі

- А) бай; В) үлкен;
- С) әдемі; Д) таза.

9. Біздің облыс орталығын табыңыз:

- А) Астана; В) Ақсу; С) Өскемен; Д) Павлодар.

10. Өзен атауын табыңыз:

- А) Ертіс; В) Балқаш; С) Каспий; Д) Оқжетпес.

II модуль. Туған күн.

1. Мейрам сөзінің аудармасын табыңыз.

- А) день рождения; В) подарок;
- С) поздравляю; Д) праздник.

2. Дұрыс жазылған сөйлемді табыңыз:

- А) Туған күнің құтты болсын!
- В) Құтты туған күнің болсын!
- С) Күнің туған құтты болсын!
- Д) Болсын күнің туған құтты!

3. Құттықтаймын сөзінде неше буын барын табыңыз:

- А) 3; В) 5; С) 4; Д) 2.

4. Отбасы мүшесінің бірін табыңыз:

- А) дос; В) әке;
С) сыныптас; Д) көрші.

5. Жуан буынды сөздерді табыңыз:

- А) мереке, күн; В) әкелді;
С) қонақ, сыныптас; Д) келді, көрші.

6. Туған күнге не сыйлауға болатынын табыңыз:

- А) дайындадым; В) көрші;
С) әже; Д) ойыншық.

7. «Сегодня у меня день рождения» сөйлемінің аудармасын табыңыз:

- А) Ертең сенің туған күнің.
В) Ертең менің туған күнім.
С) Бүгін оның туған күні.
Д) Бүгін менің туған күнім.

8. Жіңішке буынды сөзді табыңыз:

- А) бірге; В) олар;
С) ұнау; Д) тұрады.

9. Гүлшоғы сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) учитель; В) букет;
С) цветы; Д) игрушка.

10. Қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөзді табыңыз:

- А) кітап; В) гүл;
С) қонақ; Д) келді.

III модуль. Күн суық/ыстық.

1. Бір жылда неше жыл мезгілі барын табыңыз:

- А) 5; В) 4; С) 3; Д) 6.

2. Көктемнің бірінші айын табыңыз:

- А) мамыр; В) маусым;
С) наурыз; Д) тамыз.

3. Қыс айларын табыңыз:

- А) қараша, қаңтар, ақпан.
В) желтоқсан, қаңтар, ақпан.
С) қазан, қараша, желтоқсан.

- Д) маусым, мамыр, шілде.

4. Қыста не жауатынын табыңыз:

- А) қар; В) гүл;
С) жел; Д) су.

5. Күздің бірінші айын табыңыз:

- А) қараша; В) ақпан;
С) тамыз; Д) қыркүйек.

6. Көктемде алдымен қай гүл гүлдейтінін табыңыз:

- А) раушан; В) қызғалдақ;
С) бәйшешек; Д) қалампыр.

7. Қардың түсін табыңыз:

- А) ақ; В) қызыл;
С) сары; Д) көк.

8. Жұмбақтың шешуін тап:

Қыста гана болады,

Ұстасаң қолын тоңады.

- А) жаңбыр; В) су;
С) қар; Д) қант.

9. Ыстықта қандай киімдер киетінін табыңыз:

- А) қолғап, тон; С) құлақшын, етік;
В) көйлек, туфли; Д) пальто, пима.

10. Қыста күн қандай болатынын табыңыз:

- А) күн салқын; В) күн суық;
С) күн ыстық; Д) күн жылы.

IV модуль. Спортзалда.

1. Дене тәрбие сабағында не істейтінін табыңыз:

- А) оқимыз; В) жазамыз;
С) секіреміз; Д) билейміз.

2. Жуан буынды сөздерді табыңыз:

- А) жасаймыз, ойын; С) жүгіремін, секіремін;
В) күрес, біздің; Д) секіртпе, мәре.

3. Жаттығу сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) играем; В) прыгаю;
С) упражнение; Д) финиш.

4. Дене тәрбие сабағы қайда болатынын табыңыз.

- А) спортзалда; В) асханада;
С) мектепте; Д) кітапханада.

5. Жұмбақтың шешуін табыңыз:

Жерге түсірмеу үшін допты,
Қос қолмен қағып,
Бір қолмен соқты.

- А) футбол ойыны; С) баскетбол ойыны;
В) шахмат ойыны; Д) волейбол ойыны.

6. Футбол ойынын немен ойнайтынын табыңыз:

- А) секіртпемен; В) доппен;
С) себетпен; Д) арқанмен.

7. Жіңішке буынды сөздерді табыңыз:

- А) жаттығу, арқан; С) спортзал, ойын;
В) дене тәрбиесі, бөрене; Д) қақпа, қызық.

8. Қақпа сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) интересно; В) площадка;
С) упражнение; Д) ворота

9. Дұрыс жазылған сөйлемді табыңыз:

- А) Мен жаттығу жасаймын.
В) Жаттығу жасаймын мен.
С) Жасаймын мен жаттығу.
Д) Жасаймын жаттығу мен.

10. Қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөзді табыңыз:

- А) жүгіремін; В) секіремін;
С) қақпа; Д) алаң.

III. Оқу еңбек аясы.

I модуль. Менің сыныбым.

1. Нешінші? сұрағына жауап беретін сөзді табыңыз:

- А) алты; В) бесеу; С) тоғызыншы;

2. «Кезекші» сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) ученик; В) дежурный; С) чистый.

3. Жуан буынды сөзді табыңыз:

- А) қабат; В) кезекші; С) дәптер.

4. Жіңішке буынды сөзді тап:

- А) достық; В) сөйлем; С) баға.

5. Мақалды аяқтаңыз. «Күш - ...» .

- А) білімде; В) адамда; С) кезекшіде.

6. Сыныпқа арналған жиһазды табыңыз:

- А) диван; В) қабат; С) тақта.

7. «Это – наш класс» сөйлемінің аудармасын табыңыз:

А) Мынау – менің сыныбым.

В) Бұл – біздің сынып.

С) Бұл – оның сыныбы.

8. Мақалды аяқтаңыз:

«Мектеп - кеме,

Білім - ... » .

- А) теңіз; В) кітап; С) сынып.

9. Жалғауы дұрыс жалғанған санды табыңыз:

- А) төртіншы; В) алтынші; С) оныншы.

10. Бір буынды сөзді табыңыз:

- А) сынып; В) зат; С) мектеп.

II модуль. Менің оқу құралдарым.

1. Оқулық сөзінің аудармасын табыңыз:

- А) книга; В) тетрадь;

- С) дневник; Д) учебник.

2. «Кітап не үшін керек?» сұрағының жауабын табыңыз:

А) жазу үшін; В) баға қою үшін;

С) оқу үшін; Д) сызу үшін.

3. Жұмбақтың шешуін табыңыз:

Сен оқуда қандайсың?

Менен жасыра алмайсың.

- А) дәптер; В) күнделік;
С) кітап; Д) қалам.

4. **Ұзын сөзінің аудармасын табыңыз:**

- А) длинный; В) краска;
С) короткий; Д) большой.

5. **«Қалам не үшін керек?» сұрағының жауабын табыңыз:**

- А) баға қою үшін; В) жазу үшін;
С) сызу үшін; Д) оқу үшін.

6. **«Это мой дневник» сөйлемнің аудармасын табыңыз:**

- А) Менің қаламым; С) Бұл менің дәптерім;
В) Бұл менің күнделігім. Д) Бұл сенің күнделігің.

7. **Жуан буынды сөзді табыңыз:**

- А) пән; В) дәптер;
С) баға; Д) әдемі.

8. **Дұрыс жазылған сөйлемді табыңыз:**

- А) Үшінші сыныпта оқимын мен;
С) Сыныпта үшінші оқимын мен;
В) Оқимын мен үшінші сыныпта;
Д) Мен үшінші сыныпта оқимын;

9. **Жіңішке буынды сөзді табыңыз:**

- А) қысқа; В) өшіргіш;
С) сызғыш; Д) қарындаш.

10. **Сурет салу сөз тіркесінің аудармасын табыңыз:**

- А) старый; В) читать;
С) рисовать; Д) ластик.

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл!

Г.АЛАТАЕВА,
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасы.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ, ТҰҢҒЫШ ЗЕРТТЕУШІСІ - ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы және Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің «Әлеуметтік пәндер» бірлестігімен бірлесе ұйымдастыруымен Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуы мен Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған «Қазақтың ұлы ғалымы, тұңғыш зерттеушісі - Шоқан Уәлиханов» тақырыбында тарихи-танымдық кеш өтті.

Мақсаты: жастарға тарих сахнасына тұңғыш көтерілген Қазақ хандығының тарихы туралы, ұлтымыздың алғашқы мемлекеттік дәрежеге жетуін түсіндіру және Қазақ халқының көрнекті ұлы - Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын зерделей отырып, жас ұрпақтың бойына тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер арқылы толерантты қарым - қатынас дағдыларын және патриоттық рухын қалыптастыру. Сонымен қатар, Алматы облысында Ш.Уәлиханов атындағы «Алтынәмел» атты Мемлекеттік мемориалдық мұражайында бастау алған Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған «Менің Шоқаным» республикалық мәдени-ағартушылық жобасына атсалысу.

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуы мен Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған шара Мемлекеттік Әнұранымызбен ашылды.

Тарихи - танымдық кешке Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы, профессор, филология ғылымының докторы - Жұбаназар Асанов, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Несібелі Жұмағұл және №6655 әскери бөлімінің қызметкерлері - Константин Андреади, Алтыншаш Баймурзина, Гүлмира Китанова, Ақтөбе қалалық үш тілде оқытатын №21 мектеп-гимназиясының оқушылары, колледждің әкімшілігі мен студенттері қатысты.

Кеште «Әлеуметтік пәндер» бірлестігінің оқытушылары – А.С.Тұрманова «Тарихқа тағылым - өткенге тағзым», «Қазақ хандығының құрылуы», Б.Б.Қаумешов «Ұлы дала тарихын ұлықтаған ұлы той» тақырыбындағы баяндамаларында Қазақ хандығының құрылу тарихына тоқталып өтсе, Г.Б.Баймағамбетова «Шоқан Уәлиханов және Тарих-и Рашиди» атты баяндамасында Ш.Уәлихановтың өмір дерегі жайын және Қазақстан тарихы библиографиясында «Тарих-и Рашиди» атты Мұхаммед Хайдар Дулатидің кітабын зерттеу Ш.Уәлихановтан басталғанын, сонау 30-жылдары Қазақстан тарихын жан-жақты жазуға алғаш рет құлшына кіріскен профессор Санжар Асфендияров бұл кітапқа көп көңіл бөлгенін, 40-жылдары В.Вяткин өзінің зерттеулерінде «Тарих-и Рашиди» атты кітапты кеңінен пайдаланғанын баяндады.

«Тарих-и Рашиди» материалдары бойынша Ш.Уәлиханов «Тоғылық Темір хан Жүніс хан шежірелерін жасаумен қатар, аса құнды XVI ғасыр карталарын жасапты. М.Хайдар кітабының материалдары Ш.Уәлиханов жасаған «Моғолстан картасы» және Моғолстанның батыс бөлігінің картасы аса бағалы дүниелер болғандықтан, Санкт-Петербург

ғалымдары, соның ішінде Орыс Географиялық Қоғамы және өзі қызмет атқарған Азия Департаментінде жоғары дәрежеде бағаланды деген деректер келтіре отырып, Қазақ Хандығының 550 жылдығы аясында бұл күнде М.Х.Дулатидің еңбегін алғаш зерттеп, ғылыми айналымға енгізген қазақ ғалымы – Ш.Уәлихановтың 180 жылдығын тойлау да бұйырып отырғандығын атап өтті.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы, профессор, филология ғылымының докторы - Жұбаназар Асанов «Шоқан және «Едіге» тарихи - қаһармандық эпосы» тақырыбында жастардың назарына «Едіге» жырының біздің Ақтөбе жерімен байланысы бар екенін және 1841 жылы Шоқан жүйелеген нұсқа ерте танбаланған үлгілердің біріне жататынын, жырды әкесі – Шыңғыс сұлтан жазып алғанын, оның үш нұсқада болғанын мазмұнды деректермен әңгімеледі.

Шара барысында автоматтандыру бөлімінің кітапханашылары қатысушылар назарына Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған «Қазақ хандығы - тарих толқынында», «Шоқан туралы үздік сыр» атты бейнероликтерін көрсетті.

Белгілі жазушы Сәкен Жүнісовтің «Сабалақ Абылай - Хан Абылай» - екі актілі тарихи драмасының 9- көрінісінен үзіндіні ҚР Ұлттық ұланы №6655 әскери бөлімінің рота маманы -А.Константин, штаб аудармашысы-А.Баймурзина, тәрбие бөлімшесі бастығының мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі аға көмекшісі – Г.Китанова, Ақтөбе қалалық үш тілде оқытатын №21 мектеп-гимназиясының оқушылары – Б.Таханов, Қ.Амандос және М.Амандос орындады.

Шараға оқу залы бөлімінің кітапханашылары «Ұлы дала төсіндегі қазақ хандығы» және «Шоқан мұрасы – халық қазынасы» атты кітап көрмелерін

ұйымдастырды. Көрмеде кітапхана қорына Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып, М.Қойгелдінің құрастыруымен, 2 кітаптан, 117 әңгімеден тұратын, түрлі-түсті иллюстрациялық суреттермен көркемделген, Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасынан 2015 жылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бөлек-бөлек кітап болып шыққан, оқырмандардың көптен күткен М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди», сонымен қатар, Алматы: «Сардар» баспа үйінен 2015 жылы шыққан «Қазақ хандары» кітабының, Б.Б.Кәрібаевтың «Қазақ хандығының құрылуы тарихы» қазақ тіліндегі монографиясының, «Алматы баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциясы» баспасынан 2015 жылы 3 томнан тұратын, әр томы орыс тілі мен ағылшын тіліне аударылып, жеке кітап болып жарық көрген І.Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-трилогиясының да келіп түскені хабарланды.

Кеш соңында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап - ғылыми кітапханасының директоры Несібелі Жұмағұл тарихымызды ұлықтау жылында 11-қыркүйек күні Астанада дүкіреп өткен игі шара турасын және қаламызда алдағы өтетін шара жоспарын тілге тиек етіп өтті.

Тарихи-танымдық кешке Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің Э-11 тобының студенттері - Сабырбаев Бақтияр «Қазақ елдігі» жайындағы өлең шумағын, Жантөре мен Ринат «Қазақстаным» әнін тарту етті.

Мәңгілік қазақ елінің 550 жылдық мерейтойы - өткенді таразылап, болашаққа бастар жол болмақ. Тарихта алтын әріппен қашалып жазылған Керей мен Жәнібек негізін қалаған қазақ мемлекеті қаншама қилы заманды басынан өткерді. Міне, енді бабалар ісін жалғаушы бүгінгі ұрпақ тұғыры биік тәуелсіздікке де қол жеткізді. Еліміздің елдігін көрсететін айтулы күндерді ұлт болып ұлықтауымыз керек. Мың жаса, Тәуелсіз Қазақ Елі!!!

Бір өлең - бір әлем

Г.МАДИЯРОВА,
№16 Ш.Уәлиханов атындағы
жалпы орта мектеп.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Төлеби ауданы

ҚАЗАҚ ЕЛІ

Патшалар өтті сенде даңқы шыққан,
Батырлар, билер болды жауды жыққан.
Сенде туып, сенде өлген боздақтарым
Мәңгілік шертілетін жыр мен дастан.

Жанқияр азаматтың ерлігімен
Бейбіт күн орнады ғой ел басына.
Сен менің жеңісіммен мақтан, елім,
Мен сені жыр етемін әрқашанда.

Қазағым, қазақтығың көрініп тұр,
Қазақтың қазақтығын әлемге ұқтыр.
550 жыл толған хандығыңның,
Бүгінде салтанаты көрініп тұр.

Елбасың Нұрсұлтандай ел ағасы
Халқының қамын жеген Нұр ағасы.
20 жыл мерейтойдың иегері,
Қазақстан халықтары Ассамблеясы.

Елімнің болашағы жастарда тұр,
Жас толқын, сен жасыма, жасқанба құр.
Нұр ағам құрып берген Ұлы елімнің,
Өрісің, мәртебесін биікке асыр.

Қазағым, қасиетім, қаймағымсың,
Халқыңнан айналайын айна мүсін.
Мен сенің тынышыңды күзетемін,
Сен менің бағым болып жайнағансың.

Биіктен көрін елім, биіктегін,
Мен сенің әр тасыңды биік көрдім.
Мен шыңға шыққан сайын сен қуансаң,
Мен сен боп көк аспанда биіктермін.

Қайсар елім, қасиетті туған жер,
Бейбіт атқан әрбір таңды думанды ел.
Айдан асып асқақтап өр атағы,
Қазағымның бақ жұлдызы жайнай бер!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнур ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 10.10.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 650. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№10, 2015 ж., 144 бет, Алматы.